



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасының президенті Мун Чжэ Иннің шақыруымен Сеул қаласына мемлекеттік сапармен келді. Бұл туралы Президенттің баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия басталғалы бері Оңтүстік Кореяға сапармен келген әлемдік деңгейдегі бірінші көшбасшы.

Мемлекеттік сапар бағдарламасы аса ауқымды. 17 тамыз күні президент Мун Чжэ Инмен келіссөз өткізу жоспарланған. Онда тараптар Қазақстан мен

Корея арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі дамытудың кең ауқымды мәселелерін қарастырады. Келіссөз қорытындысы бойынша бірқатар екіжақты құжатқа қол қойылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мун Чжэ Инмен бірге Корея бизнесінің жетекшілерімен кездесу өткізеді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Кореяның ұлттық батыры, өмірінің соңғы жылдарында Қазақстанда тұрған генерал Хон Бом Доны еске алуға арналған іс-шараға қатысып, Отан үшін құрбан болғандардың монументіне гүл шоғын қояды.

Бұдан кейін Кореяның ірі компанияларының қатысуымен бірқатар екіжақты кездесу өткізеді. Сондай-ақ БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мунмен жүздесу жоспарланған.



АУҒАНСТАН ЖАҒДАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстанда қалыптасқан жағдайға байланысты жексенбіден бері екінші рет жиын өткізді.

«Жиынға Премьер-Министр Аскар Мамин, күштік құрылымдардың, атап айтқанда Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Сыртқы істер, Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктері, Бас прокуратура, Мемлекеттік құзет қызметі басшылары мен Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы қатысты.

Ауғанстан Ислам Республикасындағы жағдайға байланысты Қазақстанның ұлттық мүддесін ескере отырып, шұғыл әрекет ету шаралары және біздің елдің азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Президент құзырлы мекемелерге Ауғанстандағы жағдайды жан-жақты бақылауда ұстауды тапсырды. Бұл осы елмен бұдан былайғы ынтымақтастық бойын-

ша шешім қабылдау үшін аса маңызды» деп жазды Президенттің баспасөз хатшысы Б.Уәли Facebook-та.

Ал жексенбі күні Ауғанстанға байланысты жиын өткізіген Президент Twitter-де жазған болатын. «Ауғанстандағы жағдай бойынша күштік құрылымдардың басшыларымен жиын өткіздім. АИР-дағы азаматтарымыз бен дипломаттарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма бердім. Қазақстан Ауғанстандағы жағдайдың ушығып бара жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Ахуал мұқият бақылауда.

Президент Әкімшілігі мен Сыртқы істер министрлігіне Ауғанстанға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар-

дың қызметін үйлестіру тапсырылды. Қабулдағы Қазақстан елшілігі шағын құрамда жұмыс істеуде. Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр», – деді Қ.Тоқаев.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы Ауғанстандан келуі мүмкін босқындарды елге кіргізу немесе кіргізу жайлы да нақты шешімге келген жоқ. Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәлидің Facebook-та жазған пікіріне қарағанда ел ішінде тарап жатқан босқындар жайлы ақпараттар шындыққа жанаспайды. «Президент Ауғанстан босқындары туралы шешім қабылдаған жоқ. Бұған қатысты тараған ақпарат негізсіз. Дүниежүзілік ұйым басшылығы ресми өтініш білдірген жағдайда БҰҰ қызметкерлеріне ғана көмек көрсетілетін болады» деп жазды Берік Уәли.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы белгілі журналист Амангелді Сейітханның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

«Белгілі журналист, спорт комментаторы Амангелді Сейітханның дүниеден өтуіне байланысты ауыр кайғыға ортақтасып, көңіл айтамын.

Амангелді Муатқанұлы қазақ спорт журналистикасының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Оның есімі ел есінде мәңгі сақталып, қазақ телевизиясының тарихына алтын әріптермен жазыларына сенімдімін.

Марқұмның алды пейіш, арты кеніш болсын» деп жазылған Президенттің көңіл айту жеделхатында.



ЖАЛҒАН «ПАСПОРТ» ЖАРҒА ЖЫҒАР немесе ауырғандар саны азаяр емес



Қарағанды облысы әлі күнге дейін «қызыл аймақта». Ауырғандар саны азаяр емес. Арнайы құрылған ауруханаларлық толы. Біз барған Қарағанды қаласындағы №1 ауруханада да науқастардың саны артқан.

17 НАУҚАС АУЫР ХАЛДЕ ЖАТЫР

— Біздің №1 аурухана 5 ақпаннан бастап коронавируспен ауырғандарды қабылдайтын инфекциялық госпиталь ретінде қайта құрылды. Мұнда 250 төсек-орын бар. Қазір науқастардың саны өсуіне байланысты қосымша 15 төсек лайындауымызға тура келді.

7»

Ана махаббатын алиментке алмастырған



Бала алдындағы ата-аналық парызын «қарыз» деп ұғатындардың саны артыпты. Өкінішке қарай, қазір сүйіп қосылғандар арасында дүбірлетіп той жасатып, көп ұзамай қырықпышақ болып ажырасып кететіндер көп. Некені заңды түрде бұзған соң басқа үйдің түтінін түтетуге асығатындар да баршылық. Алайда бұрынғы некедегі балаларының алдындағы парызын орындауға келгенде құлықсыздық танытатындардың саны артқан. Алимент төлеуге келгенде түрлі сылтау айтатын әкелер ғана емес. Өйткені ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен жалтарып жүргендердің 97%-ы әкелер болса, қалғаны аналар екен.

6»

«Талибан» қайта билікке келді

Жыл басынан бері әлем қауымдастығы мен сарапшылардың назары Ауғанстанда болды. АҚШ пен НАТО әскері елден кететін болған соң «Талибан» қозғалысы (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) бірден шабуылға көшті. Ай сайын жеңдеттердің бақылауына қанша аудан, провинция өткенін есептеп отырдық. Кабулдың да кезегі алыс емес екенін білдік. Жексенбі күні, яғни 15 тамызда қолына қару ұстаған «Талибан» өкілдері ел астанасына басып кіріп, президент сарайын иеленді. Президент Ашраф Ғани билікті қолдан беріп, елден ұшып кетті. Енді не болмақ? Әлемде террористік деп танылған ұйым қандай мемлекет құрады? Босқындар, түрлі радикалдық ұйымның басбұзарлары Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға лап қоймай ма?

«Талибан» мұндай жылдамдықпен бүкіл елді жаулап алады деп ешкім болжаған жоқ. Себебі АҚШ Доха келісімінен соң елден бір күнде кете қалған жоқ. Жергілікті ауған армиясын жаттықтырды, белгілі көлемде әскери техника қалдырды. Деректерге сенсек, осы мақсатқа АҚШ 88 млрд доллар жұмсапты. Алайда алдымен Ауғанстанның солтүстік аудандарын жаулап алған қозғалыс өкілдері кейін басқа аймақтарға қарай жылжи бастады. Ал маусым айында Ауғанстан армиясының сарбаздарын Тәжікстан, Өзбекстанға қарай ығыстырып тастады, шекараны кесіп өтуге мәжбүр етті деген ақпараттар келе бастады.

Ал осы аптада Герат, Кандағар және Мазари-Шариф секілді Ауғанстанның ең ірі қалалары «Талибан» қарамағына өткені мәлім болды. Көп жағдайларда полиция бекеттері, әскери базалар қарулы қысықсыз беріліп жатты. Ал сенбі күні ауған жеріндегі өзбек халқының жетекшісі



маршал Абдул Рашид Дустум өз жақтастарымен бірге Өзбекстан шекарасын кесіп өтіп, Термез қаласына орныққаны хабарланды. Олар да талибандықтардан аман қалу үшін бас сауғалап, көрші Өзбекстаннан пана ізледі. Әлеуметтік желілерде кезінде Кеңес әскері Ауғанстанды тастап шыққан Әмударияның үстіндегі

Достық көпірі арқылы Дустумға қарасты көліктердің өзбек шекарасына қарай бет алғаны туралы видео таралды. Көп өтпей Жалабад қаласының ақсақалдар кеңесі де шаһарды ұрыссыз беруге шешім қабылдады. Ең соңында Кабул да «Талибан» бақылауына өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

ГРАНТ БӨЛІНІСІ: еңбек нарығында сұраныс қандай?

Биыл барлығы 56 мың білім беру гранты бөлінді. Көпшілікке тізімде қандай мамандыққа грант көп бөлінгені қызық. Өйткені бірнеше критерий бойынша педагогика бағытын таңдағандардың саны артқанын білеміз. Жалпы, грант көп бөлінген мамандықтарға еңбек нарығында сұраныс бар ма? Қандай мамандықтың жалақысы көп?

5»



«Талибан» қайта билікке келді

(Басы 1-бетте)

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Ауғанстанда болған бұл әскери процесіте көпін көкейіндегі басты сұрақтың бірі – «Талибан» қалайша қысқа уақытта елді жаулап алды? Себебі деректер бойынша Ауғанстан армиясында 300 мыңдай жауынгер болған. Ал АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы Кабул әлі 90 күндей шыдас береді деп болжам айтқан. Алайда жағдай жылдам өзгерді. Әрине, жоғарыдағы сұрақтың жауабы ретінде төменде келтірілетін аргументтің басым бөлігі болжамдар. Соның алғашқысы – Ауғанстан армиясы шабуылдар барысында АҚШ-тың әуе қолдауынан айырылды. Өйткені АҚШ-тың әуе шабуылы оның негізгі басымдығы еді және «Талибанның» құрлықтағы талай қозғалысын тоқтатқан. АҚШ армиясы елді тастап кеткен соң ауған армиясы осы қолдаусыз қалған және бетпе-бет ұрыста жеңіліп жатты. Ауған армиясының да өз авиациясы болды, алайда әлсіз еді, оған қоса, пилоттар жетіспеді. Талибандықтар да ең алдымен әскери ұшқыштардың көзін жоюға тырысты.

Келесі себеп – ауған армиясында кең жайлаған жемқорлық. Жоғарыдағы 300 мың сарбаз ешқашан болмаған деген ой да айтылады. Себебі дала командирлері жоқ әскерге де ақша алып отырған. Оған қоса, армиядан қашу, пара беру әдеттегі іс

болған. Үшінші себеп – ауған армиясының сарбаздарын өздері бұрын тұрмаған аймақтарға жіберген. Онда жауынгерлер жергілікті тайпалардан қолдау таппаған. Кейін «Талибан» содырларымен соғысқанда осы себепті әскери база, бекеттерді жылдам тастап кетіп отырған. Яғни, Ауғанстанда әлі де тайпалық қарым-қатынас мықты. Олардың рөлі ескерілмеген. Төртінші фактор – есірткі бизнесінен түсетін қаражат, Пәкістаннан келетін көмек және ауған армиясының тастап кеткен қару-жарағы. Соңғысы талибандықтарға үлкен көмек болды. Себебі бұл қарудың басым бөлігін АҚШ әскерілері Ауғанстан армиясына тегін қалдырды. Ал ұрыс барысында басын аман алып қашқан ауған жауынгерлері ірі арсеналды қарсыластарының қолына беріп кетті.

Сондай-ақ сан жылдар бойы соғыстан көз ашаған халықтың белгілі бір идеологияны бекем ұстанып, ол үшін күресуі екіталай. Ұрыс жағдайында кескілескен арпаластың орнына Ауғанстан армиясының сарбаздары жылдам капитуляция жасап, тірі қалудың қамын жасаған. Мыңдаған жауынгердің Тәжікстан, Өзбекстан шекарасын кесіп өтуі – соның айғағы. Ал есесіне «Талибан» ақпараттық насихат тұрғысында басымдыққа ие болды. Өз жетектерін үкімет әскерін жеңу деген ортақ мақсат аясында біріктіре білген сыйналы. Ал Ауғанстан мемлекет деп танылғанымен, ел территориясында бір билік, бір бақылаудың болмауы да өз

кесірін тигізді. Бұл қарулы қысқартыс барысында рухани әрі шешуші басымдық бергендей. Бір сөзбен айтқанда, сипатталған осы факторлар кешенді түрде қарулы дала жасақтарының қысқа уақытта жеңіске жетуіне жағдай жасаған сияқты.

Сонымен, 16 тамыздағы жағдай қандай? «Талибан» қозғалысы соғыстың аяқталғанын ресми түрде жариялады. Олар ауғандықтар мен дипломатиялық өкілдердің қауіпсіздігіне кепілдік берді. Сондай-ақ Ауғанстан Ислам Әмірлігі құрылғанын хабарлады. Президент Ашраф Ғани елден ұшып кетті. Бұл талибандықтардың талабы болған. Осылайша, билік қолына қару ұстаған қозғалыстың қолына көшті. Соңғы дерек бойынша, енді экспрезидент атанған Ғани Өзбекстанға табан тіреген. Ал Кабул халқы кешенде бері әуежайға лап қойды. Олар бар мүмкіндікті пайдаланып, елден ұшып кетуі көздейді. Бірақ әуежай жеке ұшақтардың көкке көтерілуіне тыйым салды. Тек әскери ұшақтарға рұқсат. Кеше АҚШ, Франция, Британия Кабулдағы дипломаттарын алып кету үшін әскери ұшақтар жіберді. Ендігі негізгі қауіп бұған дейін Батыс мемлекеттерінің елшіліктерінде жұмыс істеген ауғандықтарға тәніп түр.

Сонымен, Орталық Азияның – оңтүстік шекарасында жаңа саяси күш пайда болды. Державалар енді бұл күшпен қаласа да, қаламаса да санасуына тура келеді. Өйткені Ауғанстан аймақтағы жағдайға ықпал ететін ел. Саяси, эко-



номикалық тұрғыда емес, діни, қауіпсіздік мәселесінде маңызы артпақ. Әрине, қазіргі жағдай Орталық Азия мемлекеттерін қатты алаңдатады. Неге? «Талибан» қозғалысы ескі әдетіне салып, өзінің жеңдеттерін, діни уағызшыларын ең алдымен осы аймаққа (Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Қазақстан) жіберуі мүмкін. Оның ең негативті салдары – терактілер мен алданып, ауған жеріне аттанған азаматтар болуы мүмкін. Әлеуметтік желідегі уағызға сеніп, Сирияға мыңға жуық отандасмыз аттанғаны есімізде. 6 тамыз күні Ашхабадта Орталық Азия елдерінің басшылары кездесуі өтті. Басқосудың басты тақырыбы да Ауғанстан болған

шығар. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та сенбіден бері осы мәселеге орай екі отырыс өткізді.

«Талибан» – қатан білігімен ерекшеленген қозғалыс. Билікке келген соң 1990 жылдардағыдай шарият заңдарын қайта орнатуы мүмкін. Бұл елден жаппай босқындар шартарапқа бас сауғалауы мүмкін деген сөз. Әрине, босқындардың бір бағыты тағы да Орталық Азия болатын шығар. Жакында ғана АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Блинкен мен Қазақстанның Сыртқы істер министрі М.Тілеуберді телефон арқылы сөйлесті. Негізгі тақырып босқындар болуы да ғажап емес. Алайда СІМ өкілі еліміз қандай да бір босқындарды қабылдауымыз жайлы ақпарат берген жоқ.

ПІКІР

«Талибан» Орталық Азияға қауіп төндіре ме?



Санат КӨШКІМБАЕВ, Президент жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, саясаттанушы:

«Талибанның» өзгемен шекісу ниеті жоқ

– Меніңше, «Талибан» күштерінің Орталық Азияға қарай қозғалысына қарай әскери қызметкерлердің ізіне түсіп, оларға қарсы оқ атпады. Сондықтан тәліптерден тікелей қауіп төнбейді. Олар өзгелермен қарым-қатынас орнатуға, халықаралық қауымдастықтың өздерін мойындауына қол жеткізуге мүдделі. Олардың күн тәртібінде тұрған ең басты мәселе.

қояйық дейтін ниеттері де жоқ. Бұл түсінікті. Айталық, олар шекаралық аймақтарды бақылауға алғанымен Өзбекстанға, Тәжікстанға қашқан әскери қызметкерлердің ізіне түсіп, оларға қарсы оқ атпады. Сондықтан тәліптерден тікелей қауіп төнбейді. Олар өзгелермен қарым-қатынас орнатуға, халықаралық қауымдастықтың өздерін мойындауына қол жеткізуге мүдделі. Олардың күн тәртібінде тұрған ең басты мәселе.

жылжу ниеттері де жоқ. Өйткені тәліптердің негізгі мақсаты Ауғанстандағы, Кабулдегі билікті басып алу еді. Олар бұл мақсаттарына өте тез қол жеткізді. Бұл – ең бастысы. Енді олардың келесі мақсаты билікті бекемдеу, билік вертикалдарын қалыптастыру болмақ. Олардың Пяндж бен Әмудариядан өте




Қазыбек МАЙГЕЛДИНОВ, саясаттанушы:
Ауғанстанда тұрақтылықтың орнауына мүдделіміз

– «Талибан» көптеген мемлекетте, тіпті БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінде экстремистік ұйым ретінде танылған. Өйткені олардың ұстанатын қағидалары діни экстремизмге келіп саяды. Десек те, осы күнге дейін Ауғанстандағы тұрақсыздық мәселесіне, елдің тарихына назар аударсақ, тәліптерді бұл елден ешкім бөліп қарай алмайды. Олардың Ауғанстандағы жағдайлармен біте қайнасканына ешкім шүбә келтірмейді.

Жалпы алғанда, «Талибан» қозғалысының саяси бағыты, ұстанымы, мақсаты, қағидалары Ауғанстандағы билікті қолға алуға негізделген. Өзге мемлекеттерге басқыншылық жасау, қауіп төндіру олардың саяси мақсаттары мен ұрандарының арасында болмаған. Салыстырмалы түрде Сирияда пайда болған ДАИШ террористік ұйымын айтатын болсақ, олардың ұстанымы, жария еткен мақсаты халифат құру еді. Соның ішінде Орталық Азия мемлекеттерін халифатқа қосу сияқты ұрандары да болған. Ал тәліптер ондай ұран көтермеді. Әрі әу бастағы мақсатына қол жеткізіп, билікке келді. Меніңше «Талибанның» ендігі мақсаты Ауғанстандағы тұрақсыздықты жою, өзге де мәселелерді шешу болатын шығар. Өйткені тәліптердің негізгі табыс көзі шекаралық саудадан түседі. Ал есірткі саудасы мен өзге де заңсыз әрекеттер «Талибан» бюджетінің 10 пайыздайы ғана. Сондықтан

тәліптер көршілес мемлекеттермен қактығысқа бармауға мейлінше тырысатын сияқты. Керісінше көршілермен сауда-саттықты, жалпы ресми қарым-қатынасты орнатуға мүдделі. Алайда мәселенің екінші жағы бар.

Ол – «Талибан» қозғалысының ішкі құрылымы. Олар бірнеше топтан құралған. Қозғалыс ішінде өзбек, тәжік, пуштун, хазари тәрізді этникалық топтар да, саяси ұстанымына сай жіктелетіндер де бар. Олардың арасында радикалды көзқарастағылар да кездеседі. Сонымен бірге Ауғанстанда жалпы алғанда жеңіліс тапқанымен, әлі де сақталған радикалды топтар да әлі сақталып отыр. Олар да қазір «Талибан» құрамына кіріп кетті. Міне, осындай ішкі құрамның әр түрлі болуының салдарынан тәліп топтары ортақ мәмілеге келе алмай көршілес елдерге, әсіресе Тәжікстан территориясына қарай шабуыл жасауы мүмкін деген болжам айтуға болады. Өйткені алдағы күндері тәліптердің құрылымы қаншалықты тұрақты болатынын біз болжай алмаймыз. Сондықтан Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан арқылы тәліп топтарының кезіндегі Баткен оқиғасындағыдай қауіпті қадамдарға баруы мүмкін екенін жоққа шығармау керек. Сол себепті Орталық Азия мемлекеттері ортақ мәмілеге келіп, Ауғанстандағы саяси-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға мүдделі болуы тиіс. Ауғанстандағы тұрақсыздық күллі Орталық Азияға әсер етеді.



Месут Әмре КАРАКӨСЕ, Сахипқыран стратегиялық зерттеу орталығының жетекшісі, Түркия:

«Талибанның» джихад идеясы өңір халқына әсер етуі мүмкін

– Ауғанстан әдетте Орталық Азияның «құлпы және бақылау мұнарасы» саналады. Орталық Азияға қарай жылжымақшы болды. Кеңес Одағы да Орталық Азияны түгел өз ықпалында ұстау үшін Ауғанстанды ұсынып, миллиондаған адамның босқын болып, аймаққа ағылуы ықтимал. Ондай жағдайда аймақтағы онсыз да қалт-құлт етіп тұрған тепе-теңдік бұзылады.

Біздің бұл сөзімізге Ауғанстандық теріскей шекараларына қарай қашқан халық нөпірі дәлел болады. Елдің солтүстігінде көбіне өзбек, түркімен қауымдары өмір сүреді. Ал «Талибан» күштерінің басым бөлігі пуштундар болып отыр. Бұл жағдай этникалық сипаттағы қактығыстарға алып келуі де мүмкін. Бірақ қозғалыс тікелей Орталық Азия елдерін нысанаға алады деп ойламаймын.

Орталық Азияға ықпал етуді көздейтіндер алдымен Ауғанстанға иелік етуі керек. Кезінде Ұлы-Британия Ауғанстан арқылы Орталық Азияға қарай жылжымақшы болды. Кеңес Одағы да Орталық Азияны түгел өз ықпалында ұстау үшін Ауғанстанды ұсынып, миллиондаған адамның босқын болып, аймаққа ағылуы ықтимал. Ондай жағдайда аймақтағы онсыз да қалт-құлт етіп тұрған тепе-теңдік бұзылады.

Біздің бұл сөзімізге Ауғанстандық теріскей шекараларына қарай қашқан халық нөпірі дәлел болады. Елдің солтүстігінде көбіне өзбек, түркімен қауымдары өмір сүреді. Ал «Талибан» күштерінің басым бөлігі пуштундар болып отыр. Бұл жағдай этникалық сипаттағы қактығыстарға алып келуі де мүмкін. Бірақ қозғалыс тікелей Орталық Азия елдерін нысанаға алады деп ойламаймын.

Босқындар жайлы ФЕЙК ТАРАП ЖАТЫР



Қазақстан Ауғанстаннан 70 мың босқынды қабылдайтыны туралы ақпаратты Сыртқы істер министрлігі жоққа шығарды.

Бірнеше күннен бері Telegram каналдарының бірінде пайда болып, кейін WhatsApp мессенджері арқылы тарай бастаған ақпарат қазақстандықтарды алаңдата бастады. Онда Қазақстанға Ауғанстаннан 70 мың босқынның келе-

тіні айтылған еді. Тіпті, алғашқы 500 адамның Шымкент әуежайына қонғаны, бірнеше күнде тағы 1 500 адамның келетіні жайлы да дерек таралды. Олар Тоғыс ауылына орналастырылатыны жайлы да мәлімет тараған. Дегенмен СІМ баспасөз қызметі аталған ақпаратты жоққа шығарды.

«Бүгінде тараған ақпарат шындыққа жанаспайды», – деп мәлімдеді СІМ баспасөз қызметі.

Алайда 14 тамыз күні Telegram-дағы арналардың бірінде Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкенмен телефон арқылы сөйлескені, онда Қазақстан тарапының 2 мың ауғанстандық босқынды қабылдауға келіскені, ал Вашингтонның бұл мақсатқа арнайы қаржы бөлгені жайлы да ақпарат шықты. Алайда аталған 2 мың адамның АҚШ әскери Ауғанстанда болуына қарсы қызмет көрсеткен азаматтар екені айтылған. Дегенмен босқындар лагері оңтүстікте орналасатыны туралы да айтылған. Бірақ Түркістан мен Алматы облыстарында болмайтыны да жазылыпты. Ал СІМ ресми өкілі Айбек Смадияр тарап жатқан ақпараттарды жоққа шығарды. «Бүгінде тарап жатқан ақпарат шындыққа сәйкес келмейді. Ауғанстандағы жағдай сағат сайын өзгеруде, сондықтан нақты шешім туралы айтуға әлі ерте», – деп жауап берді ресми өкіл біздің сауалымызға.

А.СҰЛТАН

Ауғанстанда қазақстандық азаматтар жоқ



«Талибан» күштері толық бақылау орнатқан Ауғанстанда Қазақстан азаматтары жоқ. Бірақ отандық дипломаттар елдегі қызметін жалғастырып жатыр. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің өкілдері хабарлады.

Ақпарат құралдарында тараған мәлімдемеге қарағанда Қазақстан дипломаттарын эвакуациялау әзірге жоспарланбапты. «Қазір Ауғанстан аумағында Қазақстан азаматтары жоқ. Біз білетін қазақстандықтардың барлығы осы елдің аумағынан кетіп қалған. Дипломаттар өз қызметін жалғастыруда, біз

оларды эвакуациялауды жоспарламаймыз», – деп атап өтті министрлікпен.

Ал Білім және ғылым министрлігі Қазақстанның жоғары оқу орындарында 102 ауғанстандық студент қолдау көрсетуге әзір екенін жеткізді. Тіпті, Қазақстанға келген жағдайда екі ел арасындағы меморандумға сәйкес шәкіртақыларын алып, оқуларын жалғастыра бермек.

А.СҰЛТАН

Көпбалалы отбасы баспаналы болды

2019 жылы «Nur Otan» партиясының Төрағасы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша жеңілдік мөлшерлемесі 2%, бастапқы жарнасы 10% болатын «Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламасы іске аса бастаған болатын.



Бағдарлама бойынша 2019 жылы 23 қала тұрғыны пәтерге ие болса, 2020 жылы 13 отбасы баспанаға қол жеткізген. Солардың бірі – Жаңаөзен қаласында тұра-

тын көпбалалы Жүнісбековтер отбасы. 2016 жылы Архат Жүнісбековтің жұбайы қалалық гимназия орта мектебіне жұмысқа орналасып, мемлекеттік қызметкер

ретінде тұрғын үй кезегіне тұрған. Былтыр «Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламасына өтінім беріп, соның арқасында қазан айында көпбалалы отбасы санаты бойынша «Көктем» шағынауданынан 2 бөлмелі пәтердің иесі атанады. Осындай жеңілдікпен баспанаға қол жеткізген отбасы мүшелері қазір дән риза.

— Бұл көпбалалы отбасыларға үй алу үшін өте жақсы бағдарлама. Қазір пәтер жалдап тұратын болсан айына кем дегенде 40-50 мың теңге қаражатын кетеді. Ал «Бақытты отбасымен» үй алсаң айына төмен пайызбен 50 мыңнан төле-сең де, өз үйіңе төлейсің. Бізге тиімдісі — осы. Осындай бағдарлама үшін ризашылығымызды білдіріміз, — дейді Архат Жүнісбеков.

М.ХАҚНАЗАР

«Халыққа көмек» жобасы жүзеге асырылуда

«Nur Otan» партиясының «Халыққа көмек» жобасы аясында Алматы облысында күнделікті қоғамдық қабылдауға келетін тұрғындардың саны аз емес. Еліміздегі эпидемиология жағдайына байланысты қабылдаудың онлайн форматы қарастырылған. Жедел желі арқылы да мәселелер оңтайлы шешіледі.



Партияның аумақтық филиалдарына өтініш айтып, әлеуметтік көмекке жүгінетіндердің басым бөлігі көпбалалы, аз қамтылған отбасылар. Сондықтан да әрбір мәселе мұқият бақылауға алынған. Апта сайын жасалып отырған сараптау жұмысы барысында партия филиалдарына осы жоба аясында жыл басынан 6 753 өтініш түсіп, оның 3 829 (56%) оңтайлы шешілгені анықталды.

Апта сайын аумақтық филиалдарға жүгінетін тұрғындардың біразына тоқтала кетейік. «Nur Otan» партиясы Кербулак аудандық партия филиалына хабарласқан Қоғалы ауылының тұрғындары «Халыққа көмек» жобасы аясында мал азығын сатып алуға көмек көрсетуді сұрады. Аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Гүлжан Камамбаева «Қоғалы» бастауыш партия ұйымының төрағасы Асқар Байдиловпен хабарласып, көмек сұраған жалғыз-басты қарттарға және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың отбасыларына қысқа дайындалуға қолдау танытуды өтініді. Соның нәтижесінде, көмек сұраған отбасыларға шөп жеткізіліп берілді.

Панфилов аудандық партия филиалына өтінішпен шыққан «Облыстық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған көмекші мектеп-интернат» мемлекеттік мекеме басшысы Бақия Раева жеке кәсіпкерлер арқылы өзі басқарып отырған мектеп-интернатқа көмек-

тесуді жеткізді. Аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихат депутаты Канат Досмаилов мектеп-интернаттың мәселесін шешу үшін облыстық мәслихат депутаты Серік Ақсұбаевпен бірлесіп 200 000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетті.

«Nur Otan» партиясы Ескелді аудандық филиалына Қарабулак аудандық округінің тұрғындары Ломоносов көшесіндегі №23 тұрғын үйдің алдында балаларға арналған алаңның жоқтығына байланысты шағымданған болатын. Тұрғындарды «Қарабулак» БПҰ төрағасы Берік Дүйсенбинов қабылдап, мәселені шешілу жолын қарастырды. Оның айтуынша, Ломоносов көшесіндегі №23 тұрғын үйдің балалар алаңының ауласына абаттандыруға жергілікті бюджеттен 3 550 400 теңге бөлініп, байқау қорытындысы шығарылыпты. Жақын арада ойын алаңы салынып, қолданысқа беріледі.

Райымбек аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесіне келген Қайнар ауылының тұрғыны, аз қамтылған азамат Қуат Қасымов тұрмыстық жағдайының қиыншылығы мен тұрақты баспанасының жоқтығын айтып, мұңын шақты. Ауыл аза-

матының баспаналы болуына көмек қолын созған Райымбек аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлнар Арипова, аудандық «Кәсіпкерлік» бөлімінің басшысы Абылай Бакытжанұлы мен Қайнар ауылдық округінің кәсіпкерлері бірігіп, мәселені шешті.

Қарасай ауданы Қаскелен қаласының тұрғыны Арман Палымбетова баласын Алматы қаласында орналасқан ауруханаға қарату үшін қаражат сұрап, өтініш білдірген еді. Ананың өтінішін облыстық мәслихат депутаты Бекет Абишев оң шешіп, баланың еміне 200 000 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетті.

Көксу аудандық партия филиалына Балпық би ауылының Мейрамбек Нұрмұхамбетов хабарласып, заң аясында көмектесуді сұрады. Нақты айтқанда, ол кісі 2005 жылы сатып алған үйін тұрмысының төмендігіне байланысты уақытында заңдастырмапты. Соған сай заңгерлік көмекке мұқтаж болып шықты. Аудандық филиал ықпалымен өтініш иесіне адвокат Диас Бейсенов көмектесіп, баспанасын заңдастырып берді.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы

Білім ордалары бақылауда

«Nur Otan» партиясы Арқалық қалалық филиалының төрағасы Әмірхан Асанов партиялық бақылау комиссиясының мүшелерімен бірге қаладағы Родина орта мектебінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының қалай іске асып жатқанын тексерді.

Бұл білім нысаны «Nur Otan» партиясы Арқалық қалалық филиалының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасына енген. Осыған байланысты облыстық бюджеттен 453 миллион теңге қарастырылған. Қазір күрделі жөндеу жұмыстарын «Стройиндустрия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқарып жатыр.

Құрылыс барысын түгел тексеріп шыққан Әмірхан Біркенұлы мен партиялық бақылау комиссиясының мүшелері мердігер компанияның басшыларына бірқатар кемшілікті атап көрсетіп, ескерту жасады. Сонымен қатар кезекті оқу жылының жақындауына байланысты барлық жұмыстарды сапалы істей отырып, жеделдетуді тапсырды.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ



«Серпіндіктер» солтүстікте неге тұрақтамайды?



Солтүстік Қазақстан облысындағы мектептердің құрылысы, «Жас маман», «Серпін» бағдарламаларын жүзеге асыру барысы, жастардың Ресейге ағылуын тоқтату, жаңа мектептерге педагог мамандар даярлау мәселелері «Nur Otan» партиясы жанындағы білім мен ғылымды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің Петропавл қаласында өткен кешпелі отырысында қаралды.

Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келген Парламент Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясы жанындағы білім мен ғылымды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрайымы Жұдыз Сүлейменова партияның сайлауалды бағдарламасында көрсетілген міндеттердің орындалуын бақылаудың маңызына тоқталды.

Солтүстік Қазақстан облыстық Білім басқармасының басшысы Гүлмира Кәрімованың баяндамасынан белгілі болғандай, өңірде жылдан-жылға оқушылар саны артып келеді. Мәселен, соңғы үш жылда шәкірттер саны 5 мың адамға, яғни 70 283-тен 75 316 балаға дейін көбейген. Бұл мектептерде орын тапшылығын туғызған. Қазір үш ауысымда білім беретін мектептерді жою міндеті өткір тұр. Олардың саны — үшеу: Аққайың ауданындағы №3 Смирнов орта мектебі, Фабит Мүсірепов атындағы ауданның орталық Новоширма ауылындағы №1 орта мектеп және Петропавл қаласындағы

№23 мектеп. Сонымен қатар Тайынша және Вишневка орта мектептері апатты жағдайда. Сондықтан жаңа білім ошақтарын салу қажеттігі туындап отыр. «2025 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысында 16 мектеп құрылысы жоспарланған. Канатқакты жоба аясында Петропавл қаласында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған 400 орындық мектеп және мемлекеттік-жекешелік әріптестік есебінен 1,2 мың орындық екі мектеп салынбақшы. Сонымен қатар ауылдарда 13 мектеп бой көтермек. Жол картасы аясында алдағы бес жыл ішінде Солтүстік Қазақстан облысында 416 мектеп қайта жаңғыртылмақ. Ғимараттарды ағымдағы және күрделі жөндеу оларды пайдалану мерзімін ұзартып, апатты жағдайға ұшырауының алдын алады, оқушыларға қолайлы жағдай тудырады», — деді Білім басқармасының басшысы.

«Жас маман» жобасын Солтүстік Қазақстан облысында 9 колледж жүзеге асырып отыр. Нәтижесінде, колледждердің материалдық-техникалық базасы 36 пайызға жақсартылды, еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысшы мамандықтары бойынша кадр даярлау деңгейі арттырылды.

«Серпін» бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер кеңес төрайымының назарынан тыс қалған жоқ. «Серпіндіктердің» оқуын тастап кетуіне ең алдымен баспана жоғы себеп болып отырған көрінеді. Алоқуын жана бітірген еңбек өтілі жоқ жас маманның еңбекақысы орташа

есеппен 80-100 мың теңге шамасында. Бұл ақша бар шығынын жабуға жеткіліксіз болғандықтан, түлектер Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларына ағылуда. Осындай оқшылықтардың алдын алу үшін Гүлмира Кәрімова «Серпін» жобасының түлектеріне жалдамалы пәтер беру немесе бастапқы жарнасыз ипотека беру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыныс жасады. Сондай-ақ оларды ыстық тамақпен, тегін жатақханамен, қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету керекі туралы сөз болды. Ең бастысы, өңірде сұранысқа ие мамандықтарға грант бөлу қажеттігіне де назар аударды.

Гүлмира Кәрімова мектеп түлектерінің басқа кетуінің алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарға да тоқталды. Салдарынан түлектердің кетуі 4 жылдың ішінде 2,5 есе азайған. М.Қозыбаев атындағы университеттің ректоры Ерлан Шуланов жаңа оқу-зертханалық корпусының ашылуы да жастардың шетелдерге жол тартуын азайтады деген ойын білдірді.

Көшпелі отырыс барысында М.Қозыбаев атындағы университеттің Арizona (АҚШ) университетімен ынтымақтастығы, қос диплом бағдарламасын енгізу және Назарбаев университеті тәжірибесі бойынша өңірлік университетіне ашу мәселелері қозғалды. Кеңес төрайымы Жұдыз Досбергеновтың студенттер Арizon университетіне қандай критерийлер арқылы қабылданатынын және ол жақтын профессорларды СКУ-ға қандай критерийлер арқылы келетінін, әлемдік білім сапасы қалай сақталып қалатынын біліп, нақты тетіктерін жасауды ұсынды. Ал жергілікті университетке «Кәсіби бағдар» бағдарламасын қабылдауды, алдағы уақытта еліміз бойынша салынатын 800 мектепке маман даярлауды, инклюзиялық білім беру аясында педагог кадрларды даярлаудың кешенді бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Жалпы, PISA нәтижелері бойынша Солтүстік Қазақстан облысы білім сапасы жөнінен елімізде үздік бестікке екіне тоқталған Жұдыз Досбергеновтың өңір тәжірибесін насихаттап, таратудың маңызын атап өтті.

Роза ШӨКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Сайлауалды бағдарламаны орындау – басты міндет



«Nur Otan» партиясы Маңғыстау облысы Ақтау қалалық филиалының бастамасымен өңірдегі жол құрылыстарының сапасын тексеріп, сараптау мақсатында қоғамдық бақылау іске асып жатыр.

Бақылау тобының құрамына қалалық филиал төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты Анар Шамшадина, Маңғыстау облыстық филиалының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес төрағасының орынбасары Киікбай Жақыпұлы, қалалық мәслихат депутаты Уайс Ерсайыңұлы мен қоғам кеңесшілері кірген.

Әуелі мониторинг жұмыстары Ақтау қаласындағы 8-шағынаудан аумағындағы жолдарға жүргізілді. Құрылысқа «Нұртас» ЖШС жауапты. Аталған құрылыс жүріп

жатқан аудандағы көпқабатты тұрғын үйлердің көшелеріне төселген жолдың сапасы толық тексерілді. Партияның «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасында осы тәрізді қала ішіндегі жолдардың мәселесін шешу қарастырылған.

— Жолдарды жөндеу және салу кезіндегі кемшіліктер жол сапасына кері әсер ететіні белгілі. Бірінші кезекте, мердігер ұйымдар жолдың қанша жылға дейін шыдас беретініне кепіл бола алуы тиіс. Ал оның барлығы сапаға байланысты екенін түсінсе керек, — деп атап өтті «Nur Otan» партиясы АҚФ төрағасының бірінші орынбасары Анар Шамшадина.

Комиссия мүшелері мердігер мекеменің басшыларына тұрғындардың арыз-шағымдарына орай автокөлік тұрақтайтын орындарды нақтылап беруді, бала-

лардың ойын алаңын қоршау және тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау қажетін ескертіп, ұсынысын жеткізді. Мониторинг қорытындысы бойынша, аталған тұрғын үйлердің құрылыс барысы, Жол картасында көрсетілген іс-шараларды уақытылы іске асыруды қамтамасыз ету және оның сапасына қатысты тексеруді күшейту жөнінде нақты тапсырма берілді.

Айта кетейік, Ақтау қаласы бойынша сайлауалды бағдарламаны іске асырудың Жол картасында көрсетілген барлық жұмыстардың іске асуын қадағалау үшін жауапты мемлекеттік орган мен мәслихат фракциясының арнайы мүшелері бекітілген. Осыған орай барлық істерді қоғамдық кеңес үнемі қатаң бақылайды.

М.ТӨЛЕУ

Пандемия қор нарығын да өзгертті

2020 жылдың пандемиясы әлемді қай жағынан алғанда да абдыратып кеткені белгілі. Адамдардың өмір салтына дейін оқшауланумен өзгеріп кеткені сондай, әлемдік қор нарығындағы қай биржада да құлдыраумен өсу тенденциясы қатты айырмашылықпен қатар жүрді. Мәселен, туризм, қонақүй, мейрамхана, әуе-компаниялардың акциялары қатты түсіп кетсе, онлайн қызметтер, кинопрокат индустриясы, медицина, ритейл, жеткізіп беру және тағы да басқа салалар қарыштап өсті. Оған енді бүгінде вакцина шығаратын компаниялар қосылды.

Нұрлан ҚОСАЙ

ҚОР НАРЫҒЫ – ӨМІР АЙНАСЫ

Әлемге өте тез тараған коронавирус пандемиясы инвесторларды, тіпті жинағы бар қарапайым адамдарды да «осынау тұрақсыздық пен сенімсіздік кезінде ақшамды қайтсем сақтап қала отырып, одан әрі көбейте аламын?» деген тығырыққа тіреген болатын. Өйткені әлемдік тұтыну күрт азайып кетті де, жекелеген салалардың өз қызметін біржолата тоқтатқандары да болды. Олардың қатарында, әсіресе туризмді, мейрамханаларды, қонақүйлерді айтуға болады. Бірақ бұл қор нарығының барлық саласы дағдарысқа ұшырады дегенді білдірмейді. Керісінше, акциялары қарыштап өскен «көгілдір фишкарларды» атап кетуге болады. Олар – экономикалық та, геосаяси да теріс ахуал әсер етпеген FAANG (Facebook, Amazon, Apple, Netflix, Google) тобына жататын әлемдік алыптар. Сондай-ақ Microsoft компаниясы да бұлтты қызметтер мен қашықтан жұмыс істеуге арналған бағдарламалық қамту сегменттерінде пандемия факторына батыл қарсы тұра алды. Бұлардың қатарында ZOOM видеосервистер платформасын, велотренажерлар



сататын Peleton Interactiv, Square қаржылық қызметтер мен сандық төлемдер компаниясын атауға болады. Ал салалар бойынша айтар болсақ, алтын өндірушілер мен IT компаниялардың және азық-түлік ритейлерінің акциялары тез өсті.

Тағы бірайтат кететін тенденция, қор нарығына жекелеген инвесторлардың, яғни жеке адамдардың келе бастауы. Мәселен, 2020 жылы Ресей қор нарығына жекелеген инвесторлар өте көп келген екен. Олардың саны – 4,2 млн. Бұл бұған дейінгі жылдарды қосқанда да, солардың санынан асып түсетін көрсеткіш. Соның нәтижесінде нарықтағы жекелеген инвесторлардың саны 8,5 млн-ға жеткен. Жинағы бар қарапайым адамдардың қор нарығына келуіне бірінші кезекте депозиттерге берілетін пайыздық мөлшерлемелердің аздығы әсер етсе керек. Бұл тұста қор нарығы да өмір айнасы екені нақты аңғарылады. Сұраныс пен ұсыныстан тұратын тенгерімді дүниені тұтынушылық әлеует басты маңызға не екені анық.

ОТАҢДЫҚ БИРЖАНЫҢ ЕНЕСІ ПӘС

Қазақстан акциялар нарығы негізінен KASE-де саудаланады. Одан бөлек, Лондондағы, Шанхайдағы, Мәскеудегі қор биржаларында казакстандық компаниялар бар. Осы реттен келгенде былтырғы пандемияның казакстандық биржасына айтарлықтай теріс әсер еткенін көруге болады. Өйткені дивидендтер төленген кезде көп инвестор қолындағы акциясына сенімсіз болып, сата бастады. Оның орнына алтынға, мемлекеттік облигацияларға ақша салғанды жөн көрді. Мұны экономистер коррекция немесе табысты монетизациялау деп атайды. Оның үстіне жалпы экономикалық жағдай да тұрақты емес еді.

«Былтырғы пандемия кезінде казакстандық компаниялардың бағасы біраз уақытқа дейін өзгеріссіз келген болатын. Бірақ көп ақша алтын сатып алуға жұмсалды. Өйткені алтын дегенімізді өздеріңіз білесіздер, дағдарыс кезіндегі кепілдік қуаты өте мықты, жоғары

сұранысқа ие тауар. Оның валюталармен пара-пар мәртебесі бар. Сондықтан әлемдегі Dow Jones, NASTAQ, FTSE сынды белді қор биржалары бірқалыпты жағдайда тұрған еді. Біздің KASE де 3800

индекс дәрежесінде болатын, бір өкініштісі биылғы шілде айында олар 3 100-ге дейін 700 пунктке төменге түсіп кетті. Оның себебі мынадай: әр тоқсан сайын дивидендтер төленеді. Сол төленген кезде акция бағасының коррекциясы болады. Ол көп ретте оны сатумен байланысты», – дейді экономист Сапарбай Жобаев.

Маманның айтуынша, бүгінде әлемдік биржалар бірқалыпты тұр.

Алтынның да бағасы бірқалыпты. Себебі мемлекет халыққа, кәсіпорындарға өте үлкен жәрдем беріп жатыр. Осылайша, ақша массалары көбейген соң акциялардың да бағасы өсіп жатыр. Ал біздің қор биржасының 20-30 пайызға төмендеуі, әрине нарық жағдайындағы сұранысқа байланысты. Егер жақын уақытта ағымдағы шоттың төлем балансына теріс әсері болмаса, акциялардың бағасы бірқалыпты сақталуы мүмкін.

ӘЛЕМ РЕТРОСПЕКТИВТІ КЕЗЕННЕН ӨТТІ

Нарық әрқашанда алдағы күндерге үлкен иек артады. Сондықтан дәл қазіргі туризм, қонақүйлер, әуе қатынастары сияқты салалардың құлдырауы мен әлсіреуін, ал керісінше онлайн әлем, медицина және вакцина шығаратын компаниялардың өсіп, нығая түсуін ретроспективті ахуал деп қарастыруға болады. Дәл қазір коронавирустық қарсы алғашқы вакциналар шыққаннан өткен жылдың соңынан кейін-ақ нарық калпына келу циклына аяқ басты. Экономикалар қайтадан толық

Былтырғы пандемия кезінде қазақстандық компаниялардың бағасы біраз уақытқа дейін өзгеріссіз келген болатын. Бірақ көп ақша алтын сатып алуға жұмсалды. Өйткені алтын дегенімізді өздеріңіз білесіздер, дағдарыс кезіндегі кепілдік қуаты өте мықты, жоғары сұранысқа ие тауар.

қуатына іске қосылып, бел алып елестеген болар. Себебі алдағы 15 жылда жұмыс орындарының 30%-ын техника мен роботтар алмастырады деген болжам бар.

Параметрлер негізінде еліміздің индустриялық-инновациялық дамуы, «Цифрлы Қазақстан», көлік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы мен «Қарапайым заттар экономикасына» басымдық берілген. Одан бөлек, еңбек нарығында ұсынылған 1 300 мамандыққа, «Атамекен» ҰКП мен оқу орындарының жұмыс берушілерден алған 700-ге жуық сауалнамасын талдау нәтижесінде мамандықтар тізімі бекіген. Сондықтан да қажет мамандықтар көшін IT технология бастап тұр. Көбіне техникалық мамандықтарға басымдық берілгені тағы бар.

Әлеуметтанушылардың айтуынша, талапкерлер арасында әлі де зангер, қаржыгер, судья болуға талпынатындар жетерлік. Бірақ еңбек нарығына үнілсек, зангер мамандығын бітіргендердің жартысынан көбі жұмыссыз жүр. Ал жастардың педагогикалық бағытты таңдауына мемлекет пен министрлік стимул беріп отыр. Стипендия әдеттегі студенттікінен жоғары, мектептегі айлық табыс жоғары, қоғамдағы мәртебе биіктеп келеді. Осының өзі талапкердің мамандық таңдауына түрткі болады екен. Демек, мамандыққа қолдан сұраныс тудыруға болатынының айқын дәлелі. Одан кейін әлеуметтанушылар жастардың интернет кеңістігіндегі мамандықтарды менгеруге ден қойғанын айтады. Мысалы, интернет маркетинг, контент менеджмент, продюсер, видеограф. Аталған мамандықтарға қазір сұраныс басым. Егер өз ісінді жетік білсең, табысың да жоғары. Соған сай бұл салада бәсекелестік артып келеді. Белгілі кәсіпкер Ахмет Нұрсала да әлеуметтік желідегі маркетингті менгерген жөн деп отыр. Оның айтуынша, кәсіпкер-

деріне де, химиялық өндіріске де және тағы басқаларына сұраныс арта бастайды. Осының бәрін біз қазір бақылап отырмыз. Бір сөзбен айтқанда, әлемдік экономиканың калпына келу үрдісі толық қарқынмен жүріп жатыр. Өз кезегінде жоғарғы технологиялармен байланысты көптеген акция өткен жылғы құлдыраудан кейінгі максимумына қайтадан жетіп, жаңалап алды. Енді олардың котировкалары «локалды консолидация» дәрежесінде тұр. Бұл дегеніміз – бүгінгі әлем анағұрлым технологияға бой ұрған сайын олардың акциялары да өсе түсуі мүмкін дегенді білдіреді. Осылайша, бүгінде акциялар нарығы алдағы 6 айда көптеген ел вакцина салдыру кезеңінен өтіп, иммунитеті бекіген халық бизнеске оралады деп бағалап отыр», – дейді «Фридом Финанс» инвестициялық компаниясының аналитигі Елдар Шәкенов.

Қаржы маманының айтуынша, қор нарығы әлі де болса бұғанасы бекімеген калпында. Оған тек экономикалық емес, геосаяси жағдай да әсер етіп кетуі мүмкін. Сол үшін әлемнің алпауыт елдері күрделі кезең толық аяқталғанша саяси амбицияларын екінің кезекке ысырып қоя тұрғанын абзал.

«Одан бөлек, нарықтың құбылуына әсер ететін маңызды фактор дәл қазір АҚШ-тың федералды резервті жүйесінің (ФРС) алдағы перспективадағы ұстанатын саясаты болып тұр. Оның фискалды болсын, ақшалай-неснелік болсын, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелерді көтеріп жіберуі туралы болсын ұстанымын барлығы да бірінші кезекте қамперге алып отыр. Жалпы алғанда, компаниялардың корпоративті табысы өсіп, әлемдегі вакцина алғандар санының тәуір динамикасы аңғарылған жағдайда және ФРС пайыздық мөлшерлемесі 2023 жылға дейін көтермеу уәдесіне тұрса, сондай-ақ бір айда 120 млрд долларға есептелген QE бағдарламасы барда нарықтың өсуіне қолайлы климат сақталуы тиіс», – дейді Елдар Шақенов.

Осы тұрғыда Қазақстанның сабақ алар тұсы – тездетіп пандемиялық кедергілерді еңсеру үшін халықты вакцина салдыруға батылдықпен кірісуі.

лердің 90%-ы интернет арқылы табыс табуға көшкен.

ЖАЛАҚЫСЫ ЖОҒАРЫ МАМАНДЫҚТАР

«Мамандық таңдау мектебінің» негізін қалаушы Сәналай Қуанышбекова проффориентология саласында жүргеніне біраз уақыт болған. Сондықтан талапкерлердің сұрауы бойынша жалақы, университет, мамандық туралы жиі консультация береді. Оның айтуынша, елімізде мұнай-газ саласында табыс жоғары. Бірақ жұмыс табу жағы қиын. Статистика бойынша, бір орынға 6 мұнайшы таласуда екен. Мысалы, мұнайшының орташа табысы 197 мың теңге болса, ең жоғары табысы 3 млн теңгеден асады. Мамандық атауына келсек, «Ұнғымаларды бекіту» мамандығы – 1 млн 800 мың, «Бұрғылау бойынша инженер» – 854 мың теңге. «Бұрғылау бойынша техник» 787 мың теңге алады.

Қазір «Бизнес кеңесші» мамандығының да дәурені жүріп тұр. Олардың орташа айлық табысы – 140 мың теңге болса, жоғарғысы 1 млн теңгеден асады. Бизнес кеңесшілер тікелей компаниялармен жұмыс істейді. Нарықты зерттеп, бизнес жоспар құрып, келісім жасайды, персоналды сертификаттауды мойнына алады. Профориентологтің айтуынша, бұл мамандықпен жұмыс табу әлдеқайда жеңіл. Бір орынға 1-4 маман таласады.

Одан кейін елімізде ұшқыштардың айлық табысы жоғары. Орташа жалақысы – 991 мың теңге. Борт инженері айына 760 мың теңге, штурман 660 мың, экипаж командирі айына 10 мың доллар алады. Сәналай Қуанышбекова елімізде ұшқыштарға сұраныс бар деп отыр. Өйткені компаниялардың көбінде шетелдік мамандар жұмыс істейді. Білім мен білігі сәйкес келсе, талапкерлер шетелдік мамандарды нарықтан ысыра алады.

Әрине, IT мамандардың да жалақысы жоғары, еңбек нарығында сұраныс жиі санап артып келеді. Орташа табыс 118 мың теңгеден басталып, 500 мың теңгеден асып жығылады. Маркетологтер де айы онынан туып тұр. Олар біліктілігіне сай 800 мың теңгеден асып жығылады. Профориентологтің тағы бір айтқаны жастар арасында «Құқықтану», «Қаржыгер», «Экономист», «Халықаралық қатынастар» мамандығына сұраныс жоғары. Соған сай грант аз бөлінеді.

ГРАНТ БӨЛІНІСІ: еңбек нарығында сұраныс қандай?

Биыл барлығы 56 мың білім беру гранты бөлінді. Көпшілікке тізімде қандай мамандыққа грант көп бөлінгені қызық. Өйткені бірнеше критерий бойынша педагогика бағытын таңдағандардың саны артқанын білеміз. Жалпы, грант көп бөлінген мамандықтарға еңбек нарығында сұраныс бар ма? Қандай мамандықтың жалақысы көп?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ҚАЙ МАМАНДЫҚҚА КӨП ГРАНТ БӨЛІНДІ?

Бұрын 51 мың мемлекеттік білім беру гранты бөлінетін. Биыл оған қосымша 5 мың грант қосылды. Оның үстіне, әлеуметтік статусы бар талапкерлерге басымдық берілгені тағы бар. Тарқатып айтсақ, әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан балалар, ерекше білім беру қажеттілігі бар талапкерге мүмкіндік берілген. Оған қоса, тиісті квота бойынша гранттарды жетім балалар мен этникалық диаспора өкілдері алды. Мысалы, педагогикалық мамандықтарға 11 мыңға жуық грант берілсе, соның мыңнан астамына жеңілдігі бар санаттағы азаматтар ие болған.

Әрине, талапкерлер арасындағы бәсекені айтпасақ болмас. Өйткені биыл грант тағайындау конкурсына қатысу үшін 75 мыңнан астам талапкер құжат тапсырған. Үміткерлердің арасында 8 мыңнан астам «Алтын белгі» иегері, 800-ден астам халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпазы, сондай-ақ халықаралық спорттық жарыстардың 520 жеңімпазы бар. Егер ұпайлар тең болған жағдайда олардың басым құқығы есепке алынатыны бар.

Сонымен, грант иегері атанғысы келгендердің басым көпшілігі «Білім беру» және «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша құжат тапсырған. Демек, бұл талапкерлер арасындағы жиі таңдалған маман


дықтар ретін нұсқайды. Одан кейін түлектер ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, құқық, дизайн, менеджмент білім беру бағытын белгілеген. Жоғарыдағы мамандықтарға көз жүгіртсек, талапкерлердің нарықтың ырқына бағынғанын көруге болады. Айта кетерлігі, педагогика бағыты бойынша шекті балл 75-ке көтерілген. Бұл аталған бағыт бойынша бәсекенің жоғары болғанын көрсетеді.

Тағы бір ескерер жайт, гранттар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне және жұмыс берушілердің сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпаратына сай іріктелген. Мәселен, гранттың ең көп бөлігі инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына бөлінді – 17 028 грант. Одан кейін педагогикалық ғылымдар – 9 573, ақпараттық-коммуникациялық технология – 7 487, жаратылыстану ғылымдары – 4 088, ауыл шаруашылығы ғылымдары – 1 895, денсаулық сақтау саласындағы мамандықтарға – 2 700, өнер және гуманитарлық ғылымдар – 1 615, бизнес, басқару және құқық – 1 223, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат мамандықтарына – 960 грант бөлінді. Аталған мамандықтар шеңберінде «Серпін» бағдарламасы бойынша да гранттар қарастырылған.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ НЕ ДЕЙДІ?

Мамандықты сұранысқа, еңбек нарығына лайықтап таңдауының белгілі. Жоғарыдағы грант бөлінісі еңбек нарығындағы орынды толтыра ала ма? Мысалы, 2020 жылдың үшінші тоқсанында елімізде 176 мың бос жұмыс орны

ЕҢ КӨП ГРАНТ БӨЛІНГЕН МАМАНДЫҚТАР ТІЗІМІ



көрсетілген. Өнеркәсіп, құрылыс, көлік саласына қатысты 40 мыңнан астам бос жұмыс орны туралы ақпарат жарияланған.

Десе де, Еңбек министрлігі жоғары білімді қажет ететін 35 сұранысқа ие мамандық және техникалық және кәсіптік білімді сәулетшілері мен жобалаушылары, графикалық және мультимедиялық дизайнерлер мамандықтары кірген. Байқасаңыз, мамандық атауы күрделі әрі заманауи. Көз

бойынша, жанартылатын энергия көздері бойынша, өндірістің аддитивті технологиялары бойынша инженерлер бар. Сондай-ақ өндірісті автоматтандыру кезеңінде талап етілетін «ақылды» қала құрылысы, пилотсыз авиациялық жүйелер инфрақұрылымының сәулетшілері мен жобалаушылары, графикалық және мультимедиялық дизайнерлер мамандықтары кірген. Байқасаңыз, мамандық атауы күрделі әрі заманауи. Көз

Журналистің қазасына Бакееваның қатысы бар ма?

Ішкі істер министрлігі журналист Қалыбек Атажанның өліміне байланысты тексеру жүргізіп жатыр. Журналист Facebook парақшасында Айна Бакеева ұсынған тыныс алу жаттығуынан кейін денсаулығының нашарлағанын жазған болатын.



Айым БЕКТҮР

«2021 жылдың 11 тамызында казакстандық журналист Қалыбек Атажанның 9 тамызда қайтыс болу фактісі бойынша шағым түсті. Ол 7 тамызда Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында А.Бакеева ұсынған тыныс алу жаттығуынан кейін денсаулығының нашарлағанын хабарлаған болатын. 2021 жылдың 11 тамызында аталған шағым ІІМ Ақпараттарды тіркеу кітабына тіркелді және Қылмыстық-процестік кодекстің 181-бабы 5-тармағы тәртібімен тиісінше тексеру жүргізу үшін Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жамбыл облыстық департаментіне одан ары беру мақсатында Жамбыл облыстық Полиция департаментіне жіберілді», — делінген ІІМ тараптан ақпаратта. Ведомство мәліметінше, Жамбыл облыстық Полиция департаменті тексеруінің қорытындысында процесстік шешім қабылданады.

ТЕКСЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Оқиға қалай болған еді? 9 тамыз күні белгілі журналист Қалыбек Атажан қайтыс болды. 67 жастағы ардагер журналист ковид жұқтырып алған. Таныстарының бірі оған тыныс алу жаттығулары бар бейнематериалды жібереді. Ал ол бейнематериалдың авторы реабилитолог дәрігері Айна Бакеева болатын. Қалыбек Атажан әлеуметтік желідегі жазушыларына тыныс алу жаттығуына дейін жағдайының жақсарғанын, жаттығудан соң нашарлап кеткенін жазған.

Осы оқиғадан кейін блогер Ілияс Мынжасаров Айна Бакееванын қызметін тексеру керек екенін, өйткені тыныс алу жаттығуларынан кейін де тағы біраз адам өмірінен қолтасуы мүмкін екенін жазған еді. А.Бакеева журналистің қазасынан кейін науқастарды қабылдауды тоқтатқан. Айна Бакееванын тыныс алу

жаттығуларын жүргізіп жүргеніне бір жылдан асты. Ол БАҚ-ка берген сұхбатында: «Бір жыл бойы көптеген науқастарға бұл жаттығулардың көмегі тиді. Бұл туралы менің Instagram парақшама жазылған жағымды пікірлерден байқауларыңызға болады. Өткен жылы жазда елде дәрі-дәрмек жетіспей, ауру асқынып, қатты қиналған науқастар хабарласқан кезде тыныс алу жаттығуларын жасап, суды көбірек ішу қажет екенін ұсынған едім. Осылайша, дертпен алысқан жандарға қолымнан келген көмегімді бердім» деген екен.

ЖАТТЫҒУДЫҢ КӨМЕГІ БАР МА?

Дегенмен Айна Бакееванын тыныс алу жаттығуларының көмегі бар ма? Біз осы сауалды дәрігерлерге қойып көрілдік. Профессор, гигиенист-эпидемиолог дәрігер Арай Төлемісованың айтуынша, «ковидпен ауырғандарға реабилитация кезінде міндетті түрде жаттығулар жасату керек. Бұл ковидпен кейінгі реабилитация деп аталады. Ковид кай адамға қалай әсер етеді? Адамдардың бәрі бұл індетпен бірдей ауырып жатыр деп айтуға болмайды. Өйткені бұл инфекция мутацияға ұшырап кетті. Әр адамның ағзасы әртүрлі болғандықтан, әрқайсысында дерттің асқынуы әртүрлі болып тұр. Сондықтан дәрігерлер әр адамға ауруына қатысты ем қабылдатады. Егер ковидпен ауырған адамның қызуы қатты көтеріліп тұрса, бойда әлсіздік бар болса не болмаса пневмониямен ауырып тұрса, әрине оларға міндетті түрде дәрігерлік көмек керек. Дертті қатты асқынып тұрма-са, ондай науқастарға аздап жаттығулардың жеңіл түрін пайдалануға болады. Жата бермей, көбірек жүргені дұрыс», — дейді.

Қатты науқастанып тұрған адамдарға міндетті түрде дәрігердің көмегі қажет. Көпшілік өз бетінше ем-дом қабылдап жатады. Бұл да дұрыс емес. Арай Төлемісова осылай дейді. «Аурудың алдын алуға болады. Ол беттерде

киіп, қолды жиі-жиі сабындап жуып, көпшілік орындарға бармау. Ал егер инфекция жұқтырған жағдайда адамда оның белгісі бірден көрініс береді. Кейбіреулер бұл індетті жеңіл өткізіп жатыр. Бұл — ковидтің симптомсыз түрі. Оның өзінде дәрігерге қаралып, қажетті витаминдерді қабылдаған абзал. Содан кейін ғана жаттығу жасауға болады. Қатты ауырып тұрған науқасқа массаж алу, жаттығу жаса деп айтуға болмайды», — дейді профессор.

Ал дәрігер Ботагөз Мүслімова да профессордың пікірінің жаны бар дейді. «Кез келген науқас ең алдымен дәрігердің көмегіне жүгініп, ем қабылдауы керек. Дертпен қарсы дәрі-дәрмектерді алып, індеттен арылып, жағдайы қалыпты болған соң ғана кешенді түрде жаттығу қажет. Оның ішінде массаж қабылдау, тыныс алу жолдарын реттейтін жаттығулар жасауына болады», — дейді дәрігер. Оның айтуынша, тыныс алу жаттығуын науқас стационарда негізгі емін алып болып, үйіне жіберілгеннен кейін ғана жасауы қажет. «Бұл жаттығулардың өкпе қызметін қайта қалпына келтіруге маңызы өте зор», — дейді дәрігер.

Сондай-ақ дәрігер «Кез келген адам ковид вирусы, жұқпалы процесс екенін ұмытпауы тиіс. Өрнеке, жұқпалы процесс кезінде өкпеде, жалпы ағзада әртүрлі өзгерістер болуы мүмкін. Жалпы, тыныс алу жаттығулары тиімді. Бірақ жедел кезең аяқталғаннан кейін ғана. Кез келген инфекциялық аурулардың жедел кезеңіндегі тыныс алу жаттығуы немесе басқа да физиотерапиялық әдістер тек зиянын тигізеді» дегенді айтып отыр.

Әзірге тергеу амалдары жүріп жатқандықтан, жоғарыда айтылған оқиғаға қатысты бір жақты пікір айтуға әлі ерте. Мәселені анық-қанығын құзырлы органдар анықтай жатар. Ең басты мәселе — инфекциялық жұқтырудың алдын алу. Вакцина салдырып, дертке қарсы тұру. Ал кез келген тыныс алу жолдарын реттейтін жаттығулар ковидтен кейінгі реабилитация кезінде тиімді екенін дәрігерлер де айтып отыр. Учаскелік дәрігер Ботагөз Мүслімова: «Стационардан жазылып шыққан науқас тек дәріге үміт артпауы керек. Өткені коронавирустық зақымдаса, тыныс алу органы үшін реабилитацияны маңызды тұр. Бұл жаттығуларды үйде жүзделі түрде жасау керек. Кейде, тіпті күніне үш рет 15-20 минуттан. Міндетті түрде өкпе тыныс алуы керек», — дейді. Сондықтан вирус жұқтырып, ем-дом қабылдаған азаматтар ауруханадан шыққаннан кейін ғана жаттығу жасауына болады. Оның өзінде дәрігердің кеңесіне сүйенгені абзал.



Ана махаббатын алиментке алмастырған

Бала алдындағы ата-аналық парызын «қарыз» деп ұғатындардың саны артыпты. Өкінішке қарай, қазір сүйіп қосылғандар арасында дүбірлетіп той жасатып, көп ұзамай қырықпышақ болып ажырасып кететіндер көп. Некені заңды түрде бұзған соң басқа үйдің түтінін түтетуге асығатындар да баршылық. Алайда бұрынғы некедегі балаларының алдындағы парызын орындауға келгенде құлқысыздық танытатындардың саны артқан. Алимент төлеуге келгенде түрлі сылтау айтатын әкелер ғана емес. Өйткені ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен жалтарып жүргендердің 97%-ы әкелер болса, қалғаны аналар екен.

Жадыра МҮСІЛИМ

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЖАЛТАРҒАНДАР КӨП

«Неке және отбасы туралы» заңның 138-бабы әрбір ата-ананы көмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндеттейді. Ал осы құжаттың 60-бабында әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, ата-аналарының қамқорлығында болуға құқығы бар екені тайға таңба басқандай көрсетілген. Оның ішінде баласының мүддесін қамтамасыз етіп, жан-жақты өсіп-жетілуіне ата-анасы мүмкіндік жасауы тиіс екені айтылады. Бірақ отбасы құндылығын, ұрпақ алдындағы жауапкершілік дегенге жүрдім-бардым қарайтындырдың қулығына құрық байлау қиын болып тұр. Жеке сот орындаушылары республикалық палатасының мәліметіне сүйенсек, бүгінде 218 691 адам алимент бойынша берешек. Оның ішінде 212 845 ер адам, 5 846-і әйел. Бұл бытырмен салыстырғанда балалар алдындағы жауапкершіліктен жалтарушылардың саны 5 пайыздан асқанын көрсетеді. Айналық, 30 241 ер адам және 1 648 әйел үш айдан бері балаларына алимент төлемей жүрген көрінеді. Сондай-ақ 77 әке мен 489 ана балаларымен қарым-қатынас жасау тәртібін қаперіне алмаған. Бұдан бөлек, 17 мыңнан аса іс сот қарауында жатыр.

Соңғы жылдары алимент төлеуден қашып жүргендерге жаза да күшейтілді. Бұрын балалары алдындағы борышын орындаудан жалтарғандар өкімшілік жауапкершілікке ғана тартылса, қазір ата-аналық парызға пысырмайтындыр темір торға қамалуы да мүмкін. Қазір алимент төлеуден жалтарушыларға қарсы түрлі рейдтік шаралар да ұйымдас-тырылып, ол бойынша мүлкі де тәркіленеді. Десе де, кәсібін өзге адамның атына рәсімдеп, кейде жұмыс берушілермен келісіп, айлық жалақысын ең төменгі күнкөріспен сабақтатып, алимент Адвокат Алмас Сәліпеков алимент төлегісі келмейтіндердің жиі жүгінетінін жасырмайды. Табысы төмен адамдар ғана емес, ауқатты кісілер де алимент төлегілері келмейді екен. Сол үшін сот борышкерлерге баласы алдындағы қарызы мәжбүрлі түрде орындауға міндеттейді.

АЛИМЕНТКЕ АЛЫНҒАН КӨЛІК

Заңгердің айтуынша, елімізде ажырасқан азаматтардың үштен екісі уақытылы, ал әрбір оныншы борышкер алиментті мүлдем төлемейді. Оның себебі көп. Мәселен, тұрақты жұмысы жоқ адамдар бар. Екіншіден, кірістерін әдейі жасырады. Үшіншіден, балалармен тұрақты сөйлесуге және ақшаны мақсатты пайдалану туралы сенімді ақпарат алуға мүмкіндігі жоқтар бар. Кейбір кездері ортақ баласы мүгедек болып туылғаны үшін ғана ажырасып, алимент төлеуден жалтаратындар өз тарапынан заңгерлік кеңес алуға жүгінетін көрінеді. Кейбір адамдар баласына деп берген қаржының мақсатын жұмсалғанына өкпелі. «Әйелімен заңды түрде ажырасқаным 5 жыл болды. Сот екі баламды анасының қарауына қалдырды. Қанша тырыссам да балаларды өзіме қалдыру мүмкін болмады. Ай сайын 200 мыңнан аса ақшаны бұрынғы әйелімнің

карточкасына аударып жүрдім. Сөйтсем ол берген ақшама астына қолік алып, жылда шетелде демалуға барды. Балаларды кері қайтару үшін сотқа шағымданып едім. Арызым қанағаттандырылмайды. Ерегіскенде бұрынғы жұмыстан шығып, айлығы аз жұмысқа кірдім. Қалған ақшаны балаларыммен кездескенде өздеріне қажетті дүниелерді сатып алып беремін», — дейді Мәди Жұмабек.

АНАЛАР ҚАЛАЙ АҚТАЛАДЫ?

Өмірде айрандай ұйған отбасылардың да шаңырағы шайқалатын кездері көп. Оның себебі де сан түрлі. Бірақ ата-анасының ажырасуы балаларға психологиялық әрі материалдық тұрғыда ауыр соққы болып тиеді. Өкінішке қарай, соңғы жылдары өз отбасын тастап, балаларын әкесінің жауапкершілігіне қалдырып кететін аналардың арасында да алимент төлеуден жалтаратындар көбейген. Соңғы дерекке сүйенсек, бір ғана Шығыс Қазақстан облысында 808 әйел алимент бойынша берешек. Сондай-ақ Қарағанды облысында — 738, Қостанай облысында — 689, Ақмола облысында — 450, Алматы облысында — 392, Жамбыл облысында 350 әйел туған баласы алдындағы алиментті төлеуі түсі. Есте болса, жуырда ғана Түркістан облысы бойынша ҚАЗ департаментіне қарасты Жетісай аудандық пробаушы кызметі бөлімінің есебінде тұрған Күмісай есімді әйел қарамауға алынды. Ащы суға әуестігінің салдарынан шаңырағын шайқалтып қана қоймай, алты баласының көзін жауғандықтан тастап кеткен әйелдің ісі ақтауға тұра ма?

Ал Асыл есімді келіншек баррар жер, басар тауы қалмаған соң балаларын әкесінің қарауына бергені айтады. «Өзата-анамның жағдайы жақсы деп айта алмаймын. Өзімнен үлкен әпкелерім де ажырасып, балаларымен қайтып келді. Соның өзі қарт ата-анамның жүрегіне салмақ салды. Бұрынғы күйеуімнің озбырлығына он жыл шыдап келдім. Бас-көзге қарамай жұлдырқала жүгіретін күндері үйдегі ата-енем де араша түспейтін. Қаршадай үш балам анасының әлсіздігіне мойынсұнып, қорыққандарынан үндері шықпай отыратын. Ол үйден кетпесем, балаларым мәңгі жетім қалатынын білдім. Сөйтіп, ажырасуға арыз беріп, балаларды ауқышта әкесіне қалдырдым. Өзімнен бірге алып кеткім келді. Бірақ оқымаған адамды қандай жерге жұмысқа қабылдасыз? Азын-аулақ табысым күнкөрістен артылмайды», — дейді көз жасына ерік берген Асыл.

Гүлім болса опасыздығы үшін бұрынғы күйеуінен ажырасып кетті. «Сыртымнан басқа біреуден кездесіп жүріпті. Білген күні айқай-шұ болып, артынан ажырасып тындық. Мені үйден қуып жіберді. Баратын жерім болмады. Жалдамалы пәтерде екі баламен қанғырып екі ай жүрдім. Екі баламен жұмысқа тұру мүмкін болмады. Амал жоқ, балаларды әкесімен қалдыруға шешім қабылдадық. Балаларымның әкесі де кешірім сұрап, оралуға көндіре бастады. Өзім бас тарттым. Содан кейін ол сотқа жүгініп, балаларға алимент төлеуге міндеттеді. Айлығымды балаларымнан жасыратын ойым жоқ. Ақша түссе бірден қыздарыма жіберемін. Бірақ маусымдық жұмыс болған кезде айлық түспей қалады. Ондай кезде

балаларға алимент төлемек түгілі нанымды әрен тауып жеймін», — дейді алматылық Гүлім.

Нұр-Сұлтан қаласы сот орындаушылары өңірлік палатасы бастығының орынбасары Мәдина Жанасаева алимент бойынша берешек әйелдердің жағдайына біржақты баға беруге болмайтынын айтады. Өйткені балаларын тастап кеткен әйелдердің арасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар мен баспанасы жоқ, тұрақты айлығы болмайтын жағдайлар жиі болады екен.

ЗАҢНАМАҒА ӨЗГЕРІС КЕРЕК

Адвокат Алмас Сәліпеков балаларын жалғыз өзі асырап жүрген әкелерді жиі көретінін жеткізді. «Алиментті өндіре алмай жүрген кісілер де, зангерлік кеңес сұрап жүгінетін борышкер әкелер де бар. Көбісі беріп жатқан ақшасының баласына жаратылмайтынын, керек болса баланы өзі асырап алуға ниеттері барын айтып келеді. Аналар болса, балаларға әкелері берген ақшасы жетпей жатқанын айтып жыларман күйге түседі. Бірақ өз тәжірибемде алиментін бермей жүрген аналардың үстінен шағым айтып келгендер болған жоқ», — дейді адвокат. Десе де, бала ортақ. Сондықтан ата-ана бала үшін жауапты. Егер жауапкершіліктен жалтаратындар көп болса, заңды қатайту керек. Осылай деген адвокат Алмас Сайлаубекұлы: «Мысалы, Германияда алиментті тікелей борышкерден алмайды. Әр балаға қанша керек, соны мемлекет жәрдемақы түрінде төлеп береді. Бірақ балаға берілген ақшаны мемлекет борышкерден өзі өндіріп алады. Біздің тәжірибеде тұрақты жұмысы бар азаматтардың 1 бала үшін жалақысының 25 пайызы, екі балаға 33 пайызы, үш балаға 50 пайызы бөлінеді. Көп жағдайда алимент төлеушілер табысымен жасырады. Оны дәлелдеу өте қиын. Екіншісі, шындығында да борышкерлер тұрақты жұмысқа орналаса алмайды», — дейді.

Алимент өндіре алмай жүрген аналардың дені ауыса беретін сот орындаушыларының әрекетінен әбден қажыған. Басында миллиондаған қарызы бар борышкерлер қағаз бойынша тақыр келдей болғанымен, көбісі іс жүзінде керемет қоттеджде тұрып, қымбат көлікті тақымдайды. Өйткені сот орындаушылары келсе, барлық мал-мүлігін туған-туысына аударып, есепшотындағы еңбекқысы екі есе кемітіп көрсету үшін есепшілермен ауыз жаласады.

Қағаздағы көрсеткішке көбірек сенетін біздің елде алимент бойынша борышкерлердің қазынасын тексеруге рұқсат жоқ. Есігін ашуға ерінетін, қайтара келсе қарғысын жаудыратын борышкерлердің артынан жүгіруден шаршайтын сот орындаушылары алимент өндіріп беруден жиі бас тартады. «Қылмыстық кодекске» сүйенсек, қарызы байдан асып кетсе алимент төлеушілердің үстінен қылмыстық іс қозғалады. Бірақ жұмыссыздықты сылтауратып, жалақы көлемін жасырып, жиған-тергенін туысының атына тіркеп қойып тайрандап жүргендердің қарасы қалын.

Айлықтың аздығы, жұмыстың жоғы бала алдындағы борыштан бас тартуға негіз болмаса керек-ті. Біздің бала үстіндегі жыртқы ата-ананың бетіндегі тыртық екенін түсінер күнге жетсек екен деген тілек қана.

Шымкенттегі мәйітханада кезек көп

«Шымкентте коронавирустан қайтыс болғандар саны күннен-күнге көбейіп, мәйітханаға бір күнде 30-35 адамның мүрдесі түсіп жатыр» деген хабарды естіген соң, біз де Шымкент қаласында орналасқан Түркістан облыстық патологоанатомиялық бюроға барғанбыз.

Мәйітханада шынында бұрынғыдан көліктің де, адамның да қарасы көбейіпті. Бірақ ұзын-сонар кезек күткендер жоқ. Қақпа алдында кезіккен жігіт ағасы өзін ауруханадан мәйіт алып келетін көліктің жүргізушісі екенін айтты. «Бұрын мұнда күніне біреу, кей күндері ғана қайтыс болған екі адамды алып келсек, қазір он шақтысын әкеліп жүрміз», — деді ол.

Ал орталық есігінде қаулап тұрған бір топ жан шалғай ауылдан келіпті. Коронавирус індетін жұқтырып қайтыс болған туысын көріп қалмақ. 48 жастағы атпалдай азаматынан айырылған жұбайы үнсіз ғана көз жасына ерік берген. Мұнда келгендеріне 2 сағаттай болыпты. Мұндағылар мүрдені жуып, сыртын орап береді екен. Іштен шыққан мәйітхана қызметкері «көруге кіретін ет жақыны қайсыңыз?» деп қайтыс болған азаматтың жұбайы мен бауырын ішке алып кетті. Сәлден соң дөңесі толық орапқан мүрде туыстарына тапсырылды.

Жүздері жабырқаулы, өздері қайғыдан қан жұтып тұрған жанды қалай сөзге тартарсыз?! Онсыз да қайғы шамылып тұрған жанның күйзелісі белгілі ғой.

Мәйітхананың келесі терезесінде қайтыс болған жан туралы

анықтама беріледі. Кезек осы анықтама берілетін терезеде екен. Бір сағатта 7-8 адам анықтама алып кетті. Анықтама алу кезегінде тұрған келіншек жуырда осы жерден екі жақынының сүйегін алғанын айтады. Жуып, орап бергені үшін әрқайсысына 20 мың теңгеден 40 мың теңге төңірегінде ақша төлепті.

Ал мүрдені алып кететін есікке арасы бір сағаттан соң тағы бір топ жан жиналып қалды. Бұрын мұнда мүрдені 1-2 туысы ғана алып кетіп жүрсе, қазір байқанымыздай, ковидпен қайтыс болғандарды осы жерде толық орап, тікелей жерлеу орнына апаратын болғандықтан, көріп қалу үшін 10-20 шақты туысы жиналады екен. Қаралы топ бір-біріне көңіл айтып, дауыс шығармай жылап-сықтап жатты. Жүректі шымырларат көрініс...

— Өткен аптаға қарағанда қазір біршама азайды. Сенбеден бері күніне 5-6 адам ғана түсіп жатыр. Қазір жағдай тұрақталып қалды десе де болады. Біз талап бойынша қайтыс болған адамнан сынама аламыз. Міндетті түрде аутопсия жүргізіледі. Қайтыс болған жанның туыстары мәйітке аутопсия жасалмай берілмейтінін түсінсе екен дейміз. Бірақ мүмкіндігінше

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ЖАЛҒАН «ПАСПОРТ» ЖАРҒА ЖЫҒАР немесе ауырғандар саны азаяр емес



Қарағанды облысы әлі күнге дейін «қызыл аймақта». Ауырғандар саны азаяр емес. Арнайы құрылған ауруханалар лық толы. Біз барған Қарағанды қаласындағы №1 ауруханада да науқастардың саны артқан.

17 НАУҚАС АУЫР ХАЛДЕ ЖАТЫР

— Біздің №1 аурухана 5 ақпаннан бастап коронавируспен ауырғандарды қабылдайтын инфекциялық госпиталь ретінде қайта құрылды. Мұнда 250 төсек-орын бар. Қазір науқастардың саны өсуіне байланысты қосымша 15 төсек дайындауымызға тура келді. Бұл аурухана — бірінші дәрежелі стационар. Октябрь ауданымен бірге Бұқар жырау мен Қарқаралы ауданына қызмет көрсетеміз. Науқастардың бәрі ковидпен ауырғандар. КТ-дан өткіземіз. ПТР-тест алып, барлық тексерісті жүргіземіз. Біздің стационарда олар барлық емді алып, жазылып шығады, — дейді №1 аурухана директорының орынбасары Дмитрий Матюшко.

Стационарда арнайы жабдықталған жансақтау бөлімі бар, онда ауыр халдегі 17 науқас жатыр. Көбінің өкпесі 90 пайызға дейін қабынған. Сонымен қатар жүрек, қант диабетімен ауыратындар да осында. Аяғы ауыр әйелдер мен бала туғаннан кейін дертке шалдыққандар да бар. Олардың бәрі осы ковидтің симптомдарымен түскендер. Арасында гемодиализ алатын екі адам да бар екен.

— Ауыр халде жатқандардың арасында вакцина алғандар жоқ. Орташа деңгейде ауырғандардың арасында бар. Бізде қазір 265 науқас емделіп жатыр. Оның 11 пайызы вакцина алғандар. Бұл инфекция жұқтырғандардың 4 пайызы ғана. Өздеріңіз көріп отырғандай, 96 пайызы вакцина алмағандар. Әлеуметтік желіде білгішсініп, елге ақыл айтқыш, науқастарды емдеп көрмеген, қалай емдеу керекі де білмейтін, медициналық білімі жоқ блогер, заңгер тағы да басқа мамандық иелері қаптап кетті. Сонымен қоймай, өздері құрастырып, вакцинаға қарсы ойын жазып жатыр. Оған қарапайым халық сенеді. Олардың жазғандарының бәрі қате. Мысалы, антибактериалды «қалада вирус алғаннан кейін сонша адам өлді» немесе «бірнеше адам екепден кейін ауырып қалыпты» деген қауесет таратады. Осыдан барып жасы ұлғайған кісілер, жастар да осы сөзге иланыды. Сенгеннен кейін халық арасында өсек тарайды. Негізінде, нақты ақпаратты тек білікті мамандар айтуы керек. Және де халық осы мамандардың айтқанына құлақ асуы тиіс.

«ҮЙДЕ БӘРІМІЗ «ВАКЦИНА АЛДЫ» ДЕГЕН ПАСПОРТ САТЫП АЛДЫҚ»

Жақында «вакцина алды» деген жалған паспортпен келген екі емделушіні өшкереледік. Олар өздерін алдағанымен қоймай, басқаларға

да қауіп төндірді емес пе? Сонымен бірге бір отбасы «үйде бәріміз «вакцина алды» деген паспорт сатып алдық» деп ашығын айтты. Өйткені ем алуға келгенде өтірік бәрібір анықталады. Тексеріп көргенде вакцина алған деген тіркеу Қарағанды облысында емес, басқа облыста болып шықты. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген осы болса керек.

Ауруханадағы дәрігер, медбике, санитарлардың бәрі де осы науқастармен тығыз жұмыс істейді. Иә, мұнда қазір 200-дей адам ембек етеді. Олардың 90 пайызы вакцина алды. Қалғандары медқарсылымы барлар. Осы уақыт ішінде дәрігерлер арасында тек 2 адам ауырып қалды. Әрине, олардың бұл вирусты қай жерде жұқтырғаны белгісіз. Оны ешкім дәлелдей алмайды. Бұл жерде айтамын дегенім, екі қызметкер де вакцина алмаған, — дейді Дмитрий Матюшко.

Біздің бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі екенімізді білген науқастар өз жанықайын: «Елдің бәрі сенбейді. Коронавирус бар. Жеткізіңіздерші. Әзірге шетелге шығып демалуды, той-томалақ өткізуді, халық көп жиналған жерге баруды қоя тұрыңыз. Вакцина алып, өзіңізді ғана емес, жаныңыздағыларды да сақтаңызшы» деп жеткізуге тырысты.



Айкен ЦАЙ:

«ӨЛІП ҚАЛА ЖАЗДАДЫМ...»


— Жасым 58-де. Мұнда жатқаным 25 күн болды. 21 шілдеде түстім. Жедел жәрдеммен алып келді. Басында қарағанда өкпемнің қарайғаны 25 пайыз болса, кейін 95 пайызға дейін жетті. Күні-түні жаныма кетпей, зыр жүргірген дәрігерлердің арқасында тірі қалдым. Қазір жақсымын. Дәрігерлер өмірімді сақтап қалды. Өте қатты ауру бұл. Той дегенді ұмытыңдаршы. Вакцина алыңыздар. Міне, соны білмей, бірлесек те, түсінгіміз келмей, төсекке танылдық. Өліп, тірілім десем де болады. Ақ халатты абзал жандар болмаса не болар еді деп ойлаймын. Қатты қорықтым. Әлі күнге дейін өз-өзіме келе алар емеспін. Дәрігерлерге рақмет. Бір ажалдан алып қалды. Вакцинаға сенбеген жанның бірі едім. Енді шыққаннан кейін үш айдан соң бірден вакцина аламын. Сіздер де вакцина алыңыздаршы. Бала-шағаларыңызды сақтаныңдаршы.



Жұмбаек САДЫКОВ:

«АУА ЖЕТПЕЙ КИНАЛЫП ҚАЛА БЕРЕМІН...»

— Ковидтің тырнағына ілінгеніме үш-төрт күн болды. Суықтан деп жатыр. Дене қызуым түспей қойды. Бір ысып, бір тонып жатырмын. Арнайы аппаратпен дем аламын әзірге. Ауа жетпей киналып қала беремін. Өз басым бұл аурудың барына сендім. Әр адам өзін сақтауы керек. Қазір көбі көп адам шақырып, той тойлап жүр. Әрине, тойсыз болмайды. Мереке де керек. Бірақ рұқсат етілген талаппен жүрсек керек. Вакцина алған жоқпын. Дегенмен дәрігерлер рұқсат берген уақытта екпе аламын.



Татьяна МЯЛЕНКО:

«НЕМЕРЕМЕ РИЗАМЫН...»

— Мұнда 2 тамызда түстім. Дене қызуым он күн бойы түспей қойды. Жасым 68-де. Ауру басталғанда ауа жетпей, дем ала алмай киналдым. Өте қорқынышты. Басқаның басына бермесін. Жансақтау бөлімінде жатқан жоқпын. Бірақ алтыншы күні өмірмен қоштастым деп ойлаймын. Өйткені өте ауыр жағдай болды. Тұншығып өліп қала жаздалым. Оттегі жанымда, соның және дәрігерлердің арқасында аман қалдым. Барлық медицина қызметкеріне айтар алғысым шексіз. Мен немереме ризамын. Вакцина басталған бетте екпе алды. Туған-туыстардың бәрін желкелегендей болып вакцина салдыртты. Соның арқасында жанымдағылар ауырған жоқ. Үйдің ішінде мен ғана қант диабеті болып вакцина алмаған едім. Енді өкініп отырмын. Мұндай қорқынышты көргенше екпе ала беруді керек еді. Осы жерден жазылып шыққан соң вакцина аламын. Басқаларды да екпеге шақырамын. Ауруханада жатып тағыстарымның бәріне телефон шалдым. Германиядағы туыстарыма да «вакцина салыңдар, бұл — ойнайтын ауру емес» деп көргенімді айттым.

— Мұнда 2 тамызда түстім. Дене қызуым он күн бойы түспей қойды. Жасым 68-де. Ауру басталғанда ауа жетпей, дем ала алмай киналдым. Өте қорқынышты. Басқаның басына бермесін. Жансақтау бөлімінде жатқан жоқпын. Бірақ алтыншы күні өмірмен қоштастым деп ойлаймын. Өйткені өте ауыр жағдай болды. Тұншығып өліп қала жаздалым. Оттегі жанымда, соның және дәрігерлердің арқасында аман қалдым. Барлық медицина қызметкеріне айтар алғысым шексіз. Мен немереме ризамын. Вакцина басталған бетте екпе алды. Туған-туыстардың бәрін желкелегендей болып вакцина салдыртты. Соның арқасында жанымдағылар ауырған жоқ. Үйдің ішінде мен ғана қант диабеті болып вакцина алмаған едім. Енді өкініп отырмын. Мұндай қорқынышты көргенше екпе ала беруді керек еді. Осы жерден жазылып шыққан соң вакцина аламын. Басқаларды да екпеге шақырамын. Ауруханада жатып тағыстарымның бәріне телефон шалдым. Германиядағы туыстарыма да «вакцина салыңдар, бұл — ойнайтын ауру емес» деп көргенімді айттым.



Валантина КУЗМИНА:

«ЖОЛДАМАМЕН БАРАМЫН ДЕП ОПЫҚ ЖҮМДІМ»

— Өзім мүгедекпін. Бурабай демалыс орнына жоллама берді, мен бардым. Сол жерде ауырып қалдым. 2 тамызда сүлқ құладым. Үйде үш күн жаттым. Дене қызуым көтеріліп, жағдайым ауырлап кетті. Осында жедел жәрдем алып келді. Дәрігерлер жанымды сақтап қалды. Карантин уақытында адамдар көп жүретін жерлерді жауып тастаса деймін. Өйткені сол мен барған Бурабайға бүкіл елден халық ағылып келіп жатыр. Дұрыс та шығар, жаз уақыты. Бірақ ешқандай санитарлық талап сақталмайды. Жер-жерде коқыс, адамдардың бірінде бетперде жоқ. Асханаларда 250-300 адам тамақ ішеді, арақашықтық сақталмайды. Осыдан кейін ковидті жемеміз деп қалай айтамыз? Той тойлауды, мерекелеуді қоя тұруымыз керек. Аман болып, осы пандемияны жеңсек, әлі тойлайтын күндер туалай ғой. Әйтпесе, бұл пәлекеттің қайдан келіп жабысатынын ешкім білмейді. Ауырмандықтар, сақтаныңыздар, вакцина алыңыздар дегім келеді.

Әлебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,

Қарағанды облысы

Әлеуметтік желілерде «Ақмола облысында тұрмыстық және автогаз бағасы күрт өсуі мүмкін екен» деген әңгіме желдей есті. Сұйылтылған газдың құны бірден шарықтап кетуі мүмкін. Әлеуметтік желілерде осылай мәлімдеме таратып, қоғамда резонанс туғызған «Көкшетау Транс Газ» компаниясы газ бағасының көтерілуіне Энергетика министрлігінің жүргізген саясаты ықпал ететінін алға тартты.

Ақмолада газ бағасы көтеріле ме?

«БАҒАНЫ БАРЫНША ҰСТАП ТҮРМІЗ»

Компания басшысының айтуынша, Энергетика министрлігі жүргізген саясат газ бағасының бірден қымбаттауына жол ашпақ.

Бүгінде сұйылтылған газдың бағасы Ақмола облысында 61 теңгеден сатылып жатыр. Бұл — еліміз бойынша ең төменгі бағалардың бірі. Ал көршілес облыстарда баға 85 теңгеге дейін көтеріліп кеткен. Кейбір кәсіпкерлердің айтуынша, Энергетика министрлігі Қазақстанның ішкі нарығында газды көтерме бағамен сатудың жаңа формасын және облыстар арасында халықтың қажеттілігіне газды таратудың жаңа моделін ойлап тауыпты. Бағаны өсіруге осы тәсіл ықпал етуі мүмкін деседі.

«Қазір онтүстіктегі үш облыс және республикалық маңызы бар Алматы және Шымкент қалалары онтүстік аймаққа, үш облыс шығыс, екі облыс батыс және төрт облыс пен Нұр-Сұлтан қаласы солтүстік өңір болып біріктірілді. Яғни, енді әрбір облысқа жеке-кейлі берілуі тиіс сұйылтылған газды министрлік бірнеше өңірге бір көлеммен жіберуге көшті. Мәселен, «солтүстік өңірге» кіргізілген кез келген облыс теріскейдегі облыстар мен елдің орталық бөлігіне арналған сұйылтылған газды бір өзі сатып алуы мүмкін. Бұл газдың тапшылығын туғызып, оның бағасының өсуіне ықпал етпей ме? Министрлік бәсекелестік болуы керек дейді. Ал бәсекелестік қажет болса, бұл өңірлер қандай принциппен құрылды? Біріктірілген бір өңірде бес облыс болса, біреудің екі облыс қана! Сондай-ақ Қазақстанның бес облысында бәсекелестікке жағдай туғызса, қалған екі облыс неге жеке қалады? Неге Маңғыстау облысы мен Ақтөбе облыстары ешқандай өңірге кірмей жекелей қалған?», — дейді Көкшетау қаласындағы «Көкшетау Транс Газ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Батыр Әшіров.

Ақмола облысының басшылығының мәліметінше, алдағы қыркүйекте газ бағасы бірден күрт көтерілуі мүмкін. Өйткені министрлік жасанды газ тапшылығын тудырған-мыс.

«Энергетика саласында ондаған жылдан бері қызмет атқарып келеміз. Газдың шығарылатын бағасы өте төмен. Президент монополиялардың болмауы қажет екенін ескерткен. Министрлікке мұның қателік екенін, халықтың қалтасын қарағанын айтып, ескерттім. Біз бағаны барынша ұстап тұрмыз. Бірақ бізге жасанды түрде бағаны көтеруге мәжбүрлік туындап отыр. Мұны министрлікке батыл түрде айттым», — дейді Батыр Әшіров.

МИНИСТРЛІКТІҢ УӘЖІ БАСҚА

Бұл мәселе бойынша Энергетика министрлігінен ресми пікір сұрадық. Министрлік төмендегідей жауап ұсынды.

«Энергетика министрлігі ай сайынғы негізде сұйылтылған мұнай газын жеткізу жоспары шеңберінде Ақмола облысының ішкі нарығы үшін шамамен 800 тонна бөледі. Аталған көлем сұйылтылған мұнай газын көтерме және бөлшек саудада өткізімнен айналысатын 15 компания арасында бөлінеді. Ақмола облысындағы ЖШС бірінші өкілдері департаментке өз компаниялары үшін жеткізу жоспарының шеңберінде бөлінген сұйылтылған мұнай газының көлемін ұлғайту туралы өтініш жасады. Алайда бос көлемнің болмауынан және жеткізу жоспарын қалыптастыру қағидаларының талаптарына сәйкес келмегендіктен, осы компанияға көлемді ұлғайтудан бас тартты. Мемлекеттік орган мен бизнес саудада өткізімнен конструктивті сұхбаттың орнына аталған ЖШС өкілдері министрлік өкілдерінің атына негізсіз сөздер айтып, тіл тигізе бастады. Ұзақ уақыт бойы департамент өкілдері аталған ЖШС өкілдерінен іскерлік қарым-қатынастың өдебі мен тәртібін сақтауды өтініш болатын, бірақ олар өтінішке құлақ аспады. Нарықтың басқа қатысушыларымен конструктивті сұхбат жүргізу мүмкін болмағандықтан, бірнеше рет өтінішпен кейін аталған ЖШС өкілдері жұмыс қатынасын өшірді», — дейді Энергетика министрлігінің өкілі.

Министрліктің мәліметінше, бұған дейін ведомствоға сұйылтылған мұнай газы және макро-нарықты дамыту жөнінде Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ұлттық жобасы келісуге келіп түскен. Сөйтіп, макро-нарық шеңберінде жеткізушілер айналымын және өзге қатысушыларды ұлғайту есебінен сұйылтылған мұнай газын сатып алу бойынша бәсекелестікті дамыту және субъектілерге мүмкіндікті кеңейту көзделіпті. Сөз басында айтылған шаралар сол үшін жасалса керек. Ал кейбір компания бұл саясатқа келіспей отыр. Сол себепті «газ бағасы қымбаттайды» деген қорытындыға келген сынайды. Әрі «қорыққан бұрын жұдырықтайдының» керін істеп халықты елендетіп қоюды көздей ме деп қалдық. Дегенмен Ақмоладағы газдың бағасы қалай боларын қыркүйекте көреміз. Әзірге тыныш.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,

Ақмола облысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29 мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының F тармағына сәйкес, конкурс негізінде «Университетке қарасты №3 оқу ғимаратының сыртқы қасбеттеріндегі витраж терезелерінің сынған шынылары мен стеклопакеттерін және жарамсыз алюминий есіктерін ауыстыру бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын» сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты бітіруі тиіс.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтамасы;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтерін немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа жарияланған жалпы сомасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есепшотқа аударылуы талап етіледі: Қ.А.Ясауи атындағы ХКТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВККЗКХ, ЖСК-КЗ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

7. Сатып алынатын тауарға кепілдік мерзімі 12 ай болу міндетті.

Сатып алынатын «Қ.А.Ясауи атындағы ХКТУ-на қарасты «Университетке қарасты №3 оқу ғимаратының сыртқы қасбеттеріндегі витраж терезелерінің сынған шынылары мен стеклопакеттерін және жарамсыз алюминий есіктерін ауыстыру бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын бойынша қажетті құжаттар тізімі мен келісімшарт үлгісін Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 25.08.2021 (15.00).

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29 мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының F тармағына сәйкес, конкурс негізінде Қ.А.Ясауи атындағы ХКТУ-на қарасты Кентау институтының №3 жатақхана ғимараттарының шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуді сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың басталу және аяқталу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты бітіруі тиіс.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтамасы;
4. Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың үлгілерін, каталогтерін немесе суреттерін өткізуге тиіс.



Сметов мәлімдеме жасады

Ұлттық Олимпиадалық комитеттің хабарлауынша, Елдос Сметов спорттық мансабына қатысты мәлімдеме жасаған. Дзюдодан Қазақстан командасының үздігі, Рио және Токио Олимпиадаларының жүлдегері Елдос Сметов үлкен спорттағы жоспарын айтты.

«Егер спортты одан әрі жалғастырып, 2024 жылғы Париж Олимпиадасына қатысатын болсам, міндетті түрде 66 келіге ауысамын. Бұл туралы елге оралған бойда айтқан едім. Бәрі де жаракатыма байланысты болып тұр.

Егер денсаулығым жарап, жарақаттарым мазаламаса, мін-

детті түрде күресемін. Өйткені күрес менің өмірім. Мен спорттан ләззат аламын. Туымызды желбірету үшін жұмыс істеймін.

Олимпиада аяқталды, жарақаттарымды емдеймін. Бәрі де жақын арада белгілі болады», — деді Сметов.

А.АЙДАРҚЫЗЫ

Теннисшілер әлемдік рейтингте жоғарылады



Қазақстан теннис федерациясы кәсіби теннисшілер қауымдастығы (АТР) жаңартылған рейтингті жариялағанын хабарлады.

Аталған федерация мәлімдегендей, отандық теннисшілер әлемдік рейтингте жоғарылады. Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик 39-дан 38-ге,

Михаил Кукушкин 131-ден 129-орынға жылжыса, Дмитрий Попко 181-ден 176-ға көтерілді.

Ал жұптық сында теннисшілер өз орындарын сақтап қалды. Қазір Андрей Голубев 36-сатыда, А.Бублик 49-сатыда, Александр Недовесов 84-сатыда тұр.

А.ЖОЛДАС

Шетелде төлқұжатсыз қалған қыз елге оралды



Антальяның өуежайында төлқұжатсыз қалып қойған 15 жастағы отандасымыз 16 тамыз күні елге оралды. Жағдайдың мән-жайын БАҚ-қа анасы хабарлаған.

Асыл Несіпбаеваның 15 жастағы қызы Антальяда төлқұжатсыз қалып қойған. Оның айтуынша, бұл баланың жанына сенімді өкіл болып барған кісінің кінәсі. Қазір кәметке толмаған баланы бөтен елде қалдырып кеткен сенімді өкіліне қатысты қылмыстық іс қозғалған.

«Қызым Қазақстанға жетті. Бізге Сыртқы істер министрлігі көмек көрсетті. Ол туристермен бірге қонақүйде болды. Министрлік өкілдері қызды ұшақтың бортына дейін апарып,

мінгізді. Осы орайда олар баламның кіммен, қашан және қалай баратынын тыңғылықты нақтылап берді», — деді А.Несіпбаева. Оның сөзіне қарағанда, консулдық баланың елімізге сапарлауы үшін анықтама берген. Осы құжапент ол Қазақстанға келген.

Белгілі болғандай, жақында 15 жастағы қазақстандық қызды сенімді өкілі Түркиядағы Антальяның өуежайында қалдырып кеткені туралы ақпарат тараған. Дереккөзге қарағанда аталған сенімді өкіл қыздың әкесімен азаматтық некеде тұрады. Олар Түркиядан Қазақстанға аттанар алдында жеткіншектің төлқұжаты жоғалғаны анықталған.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Жеңісті күндерде ЖОЛЫҒУДЫ АҢСАЙТЫН...

Қазақ журналистикасы тағы да қара жамылды. Спорт журналистикасында айрықша орны бар азамат, белгілі спорт комментаторы Амангелді Сейітхан өмірден озды.

2000 жылдары «Хабар» арнасы Әлем чемпионаттары мен дүбірлі додаларды тікелей эфир арқылы көрсете бастағанда, көрермен осы есіммен етене танысқан еді. Ол әрдайым «Жеңісті күндерде жолыққанша» деп қоштасатын. Осылайша, аяқталатын репортаждары байрақты бәсекелерді қалт жібермейтін қауымның жүрегінде мәңгі сақталады. Талай жеңісті бағындырған белесті сүйіншілеп еді. Футболдан Әлем чемпионатын қазақ тілінде жүргізген тұңғыш комментатор да өзі болатын.

— Франция жеріндегі әлем біріншілігі әлі есте. Ол кезде интернет деген жоқ. Ақпарат ала алмайсың, матч басталар алдында командалардың жаттығуын көрсетеді, алаңға кімдер шығатынын сол кезде білеміз. Диас ағам да футболшы болған, ойыншыларды жете таниды. Ақылдасып отырып, негізгі құрамға кімдердің шығатынын болжайтынбыз. Арна басшысы сенім артқан соң қазақ тілі жарысқа қосылғанын түсініп, шаруаға жауапкершілікпен қарадық, — деген естелік те айтып еді осы тарихи сәт туралы. Оны



талай қазақ баласы телміре тындап, тенеулеріне тамсанатын, ала допка қызығып, арманын қанаттандыратын.

Әсіресе, Сидней Олимпиадасындағы қуанышты хабарды, Бекзат Саттархановтың алтын медалін сүйіншілеген сәті жұрттың жадынан өшпейтіні анық. Арнаның жаналықтарын орта жолдан шорт кескізіп, қазақ баласының чемпион болғанын сүйіншілегені бар.

Ол спорт журналистикасына өзіндік қолтанбасын қалдырған тұлға. Әсіресе, спорт комментаторы ретінде айрықша танылды. Дәлірек айтқанда, спорт бәсекелерінен берілетін тікелей эфирлерді қазақ тілінде жүргізуімен,

айрықша сөз саптауымен елдің қошеметіне бөленген-ді. Тіпті, талай тенеулер мен сөз тіркестері Амангелді Сейітханның репортаждары, тікелей эфирлері арқылы елдің сөздік қорына еніп кеткенді.

2002 жылғы Солт-Лейк-Ситидегі қысқы Олимпиаданы «Хабар» арнасының эфирінде қазақша жүргізді. Таңсық спорт түрлерімен бұқараны таныс қылды.

Оның ақындығы да бар еді. Айтғыс аламанында суырып салма ақындығымен көзге түскен-ді. Қалың көрермен іздеп отыратын, үлкенге ізетті іні, кішіге арқалы аға бола білген біртуар тұлға көзінің тірісінде-ақ аңыз адам еді. Енді

мәңгілік аңыз, сағынышка айналдырып кетті.

Амангелді Сейітхан 1969 жылы 11 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауданында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1991 жылы «Спорт» газетінде бастады. «Қазақстан» ТРК-ның «Тұғыр» бағдарламасының авторы және жүргізушісі, спорт бөлімі бас редакторының орынбасары, «Құмсағат» бағдарламасының спорт ақпараттар продюсері болды.

1997 жылдан бері «Хабар» агенттігінде қызмет атқарды. Футболдан 1998 жылы Франциядағы Әлем чемпионатының көрсетілімінде қазақ тілінде комментатор болды. Одан кейін 1999 жылы Бангкоктегі Азия ойындарының, 2000 жылы Сиднейдегі Олимпиада ойындарының, 2002 жылғы Солт-Лейк-Ситидегі қысқы Олимпиаданың тікелей эфир көрсетілімдері мен репортаждарын қазақ тілінде жүргізді. 2000 жылы спорт журналистеріне берілетін Сейдахмет Бердіқұлов атындағы сыйлыққа ие болды. Сөйткен еңбеккер, ақжарқын, адал азамат арамзыдан кетті...

АIQYN газетінің ұжымы спорт журналисі Амангелді Сейітханның өмірден озуына байланысты отбасы мен туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

Бақұл болыңыз, әріптес!

АIQYN газетінің ұжымы

Студенттер шағын сериал түсіре бастады

Павлодарлық студенттер таспалайтын сериал университет қабырғасындағы өмірге арналған алғашқы сериал болмақ.

Жобаның ерекшелігі сол, шығармашылық жұмыспен тек студенттер айналысады. Сценарий авторлары, әртістер, режиссерлер мен операторлардың бәрі — жастар. Қыз-жігіттер шығармашылық процеске кіріспек бұрын кастинг жариялап, 50-ден астам студенттің өтінішін қарастырған. Нәтижесінде, 15 кандидат таңдалды.

«Сериал түсіру идеясы өткен жылдың күзінде пайда болды. Бұған дейін Павлодарда «Аудандағы махаббат», «Бауырлар» сияқты бірнеше шағын инста-сериал түсірілді. Содан болар шабыттанып кеттім. Неге бізге де түсірмесек деп ойладым. Бастама көтеріп, қатарластарымыздың қолдауына ие болдым», — дейді инста-сериал режиссері Дәурен Шаріпов. Қазір студенттер сериалдың сценарийін оқып жатыр. Ескерер-



лігі, сценарийді студенттер өздері жарты жыл бойы жазған. Ал кейіпкерлерді іріктеумен Жүсіпбек Аймауытов атындағы қазақ музыкалы драма театрының кәсіби мамандары айналысқан. Басты рөлдерді жергілікті университеттің студенттері сомдайды. Басты рөл болашақ зангер Әлішер Төлеу-

баевқа бұйырған. Өзі «Жайдарман» ойыншысы болғандықтан, ондаған студенттің ішінен үздік атанған екен.

«Мамырда кастинг болды. Сол кастингтен өттім. 30-дай студент болды. Басты рөлді берді. Өзім КВН ойнап жүрдім. Сол КВН арқылы кішкене тәжірибем бар.

Жатақханадағы тірлік, дәрісханадағы сабақтар мен алғашқы махаббат. Жаңа туынды студенттік өмірдің қызығы мен шыжығын көрсетуді мақсат етеді. Идеяны жүзеге асыруға бір тиын да жұмсалмаған. Әртістер жұктелген міндетті тегін орындауға келіскен. Түсірілімнің барлық жұмысын жалынды жастар өздері атқарып шығады», — дейді студент Әлішер Төлеубаев.

Ал студенттік қозғалыстың белсендісі Ажар Аманжолованың айтуынша, сериалды түсіруде кәсіби бейнекамералар қолданылмайды. Олар қарапайым ұялы телефонға түсіреді. Кейінгі кезде инста-сериалдарды түсіру қарқын алған. Павлодарлық студенттер де заман көшінен қалыспай, шағын туынды жасағысы келген. Бейне-материалдың сапасы жаман емес. Әлеуметтік желілерге арналған туынды тоғыз серияға шакталған. Сериалдың премьерасы тамыз айының соңында өтпек.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Алматы – ТМД-дағы екінші «ақылды қала»

Алматы ТМД-ның «ақылды қалалар» рейтингінде екінші орын алды. Бұл туралы шаһардың Цифрландыру басқармасының басшысы онлайн брифинг барысында айтты.

Баян Қонырбаевтың айтуынша, Алматы ТМД мен Шығыс Еуропа аумағындағы қалалардың көшбасшы тобына кіреді. «Алматы–2050» бағдарламасы мен «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы басқарудың стратегиялық мақсатына сәйкес болуы тиіс.

«2021 жылдың қорытындысы бойынша біз 2017 жылдан бастап халықаралық деректер корпорациясының цифрлық жетілу рейтингінде Алматы қаласының 2,7 балл позициясын алғанын көреміз. Бұл біз соңғы екі жылда қол жеткізген өте үлкен көрсеткіш. Бұл — маңызды оқиға. Түсінікті болу үшін, 2019 жылы біз 10-орынды иелендік, ал ТМД-ның ақылды қалалары арасындағы соңғы нәтижелер бойынша біз 2-орында тұрмыз. Яғни, біз Киевтен озып, Мәскеуден кейінгі орындамыз», — деді Баян Қонырбаев.

Айбике ЖАНАСЫЛ



Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpayeva@litter.kz
reklama@litter.kz
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3978
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114